# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

14.06.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№22 (8136)



QOǴAM — ҮМІТ – МОЛ, СЕНІМ – ЗОР — 2-бет

KÚN TÁRTIBI — МАҚСАТ БИІГІНДЕ — 3-бет

MEREI — БІЛІКТІ ХИРУРГ — 4-бет

KÓKJIEK — «ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ» — 8-бет


# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ



**Елордадағы Тәуелсіздік сарайында Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ресми кірісу және ұлықтау рәсімі өтті.**

Мемлекеттік Ту мен Президент Байрағы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Конституциясы Тәуелсіздік сарайының Үлкен залына әкелінген соң, жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Мемлекеттік күзет қызметі бастығының рапортын қабылдап, ішке кірді.

Конституцияның 42-бабына сәйкес, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға қолын қойып тұрып: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деп халыққа ант берді.

Жаңа сайланған Қазақстан Президентінің қызметке кірісу құрметіне Мемлекеттік әнұран ойналып, 21 рет зеңбіректерден оқ атылды, Ақорда резиденциясының үстінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Имашев Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды.

Мемлекет басшысы ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде зор сенім артқаны үшін қазақстандықтардың бәріне алғыс айтып, қазіргі қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерекше рөлін атап өтті.

– Менің мақсатым – қоғамның бірлігін қамтамасыз ету және әрбір азаматтың құқығын қорғау. Қазақстанның ұлттық мүддесін әрқашан және барлық жерде қорғайтын боламын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті он негізгі бағытты белгілеп берді және олардың бәрін жүзеге асыруға дереу кірісу керектігін айтты. Атап айтқанда, халықтың табысын арттыру және әл-ауқатын жақсарту, сыбайлас-жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимылдар жасау, соттық-құқықтық реформа, әділетті әлеуметтік саясат, тұрғын үй мәселесін шешу, өңірлерді дамыту, тепе-теңдік және көпвекторлы сыртқы саясат, сондай-ақ, жастарды қолдау.

Соңында Қазақстан Республикасының Президенті – ҚР Қарулы Күштерінің жоғарғы Бас қолбасшысы Тәуелсіздік сарайының алдындағы алаңда Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаевтан рапорт қабылдады. Мемлекет басшысының алдынан ҚР Қарулы Күштерінің әскер түрлері салтанатты сап түзеп өтті.

Ұлықтау рәсіміне Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары, Үкімет мүшелері, Жоғарғы сот судьялары, Конституциялық Кеңестің мүшелері, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр кеңсесінің өкілдері, орталық мемлекеттік басқару органдарының басшылары, Орталық сайлау комиссиясы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелері, діни конфессия өкілдері, облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, президенттікке үміткер болғандар, «Nur Otan» партиясының басшылығы, республикалық және аймақтық қоғамдық штабтардың мүшелері, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, іскер топтар өкілдері, көрнекті ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, жастар ұйымдарының көшбасшылары қатысты. Салтанатты рәсімге барлығы 2500 адам қатысты.

*Ақорда*

# БІР БОЛСАҚ, ҚОР БОЛМАЙМЫЗ

**28 жылдан астам уақыт Қазақстанды басқарып келген Елбасының сара жолын жалғау Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа бұйырды. Ел тарихындағы екінші Президентті ұлықтау рәсіміне мен де қатыстым. Осымен мен ғұмырымда екінші мәрте Қазақстан Республикасы Президентін ұлықтау рәсімін тамашаладым.**



Ұлықтау рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өтті. Қазақстан халқына адал қызмет етуге ант қабылдаған Қасым-Жомарт Тоқаев президент тағына отырған соң, болашақты бағамдап, бағдарламалық үндеуін жария етті. Он басты бағытты айқындап берген Президент еліміз үшін маңызды бірқатар мәселелерді қамтыды. Халықтың тұрмысы мен әл-ауқатын арттыруды алдыңғы шепке қойған мемлекет басшысы тұрақты және қарқынды экономикалық өсім арқылы осы мақсатқа жетуді көздейді. Мемлекеттің дамуын тежейтін сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінгіден де жүйелі әрі қарқынды жүргізілмек. Халықтың сеніміне селкеу түсірген құқыққорғау жүйесінде де ауқымды реформалар жүргізу жоспарланған. Жаңа жұмыс орындарын ашу және халықты лайықты жалақымен қамту Президент жариялаған төртінші бағытқа арқау болды. Сонымен қатар, алдағы уақытта қазақстандықтарды алаңдатқан тұрғын үй мәселесі де оңтайлы шешімін табатын болады. Тұрғындарды сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз ету мен тегін білім беру де назардан тыс қалмағаны қуантады. Өйткені, болашағымыз жастар үшін білім алу қолжетімді болған жағдайда, елімізде маман тапшылығы сезілмей, мықты әрі білікті мамандар өз арамыздан шығары анық. Өңірлерді дамытудың жаңа бағдары аймақтардағы қордаланған мәселелерді шешуге ықпалдасады. Біздің халқымыздың бірлігін және ұлтымыздың жасампаздығын нығайтып, бәсекеге қабілетті ел болуға жол ашатын бағдарламалар да қолға алынады. Жастарға баса назар аударылып, олардың дамуы мен өркендеуіне мүмкіндік беретін «Жастар – ел тірегі», «Жас кәсіпкер» әлеуметтік жобаларын жүзеге асыру жоспарланған. Енді, біз қазақ халқы бір жағадан – бас, бір жеңнен – қол шығара отырып, бірлігімізді сақтап, еліміздің игілігі үшін жаңа бастамаларды өміршең етуге біркісідей атсалысуымыз қажет.

Қазақстандықтар үшін тарихтың жаңа кезеңі басталды. Ұлықтау рәсімі – сол тарихтың алғашқы парағы. Халқымыздың, еліміздің мерейін өсірер игі істер әлі сол тарихтың жарқын беттерінен орын алары сөзсіз. Біздің ендігі міндет — Елбасы салған тура жолды, тыныштықты сақтап қалу. Ол үшін біздің ауызбіршілігіміз бір болып, ел ішіндегі берекені уысымыздан шығарып алмауымыз қажет. Бір болсақ, қор болмаймыз.

**Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты**

***Құрметті Жезқазған қаласының медицина саласы қызметкерлері!***

Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Медицина қызметкері күнімен құттықтаймыз!

Сіздер өз өмірлеріңізді медицинаға арнай отырып, қазіргі әлемдегі ең ізгі мамандықтардың бірін таңдадыңыздар. Сіздер жоғары құзыреттілікті, таңдаған іске адалдықты, шыдамдылық пен мейірімділікті талап ететін ерен еңбектеріңізбен Жезқазған қаласының денсаулық сақтау жүйесін дамытуға, отандық медицинаның үздік дәстүрлерін сақтауға үлкен жеке үлес қосып отырсыздар.

Қазіргі заманғы отандық медицинада көптеген өзгерістер болды – денсаулық сақтау саласында медициналық ғылым мен инновациялық технологиялар белсенді дамып келеді, жаңа бірегей орталықтар салынды, ауруханалар мен емханалардың жабдықталуы елеулі түрде жаңартылды, осылайша жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігі айтарлықтай өсті. Біз цифрландыру заманына аяқ бастық. Бірақ бірде-бір, тіпті ең заманауи құрал, медициналық қызметкерлердің кәсібилігі мен шеберлігін, пациентке деген мейірбандығы мен шынайы қамқорлығын ешқашан алмастыра алмайды.

***Қымбатты медицина қызметкерлері!***

Сіздердің адам өмірін сақтау жолында жанкештілікті қажет ететін ауыр да маңызды миссияларыңыз қашанда ең қайырымдылардың бірі болып қала бермек.

Сіздерге зор денсаулық, амандық және кәсіби табыстар тілейміз! Әр күндеріңіз ізгілік пен жақсылыққа толы болсын, ал, халық үшін атқарып жатқан еңбектеріңіз қанағат пен қуаныш әкелсін!

Мерекелеріңізбен!

**Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ**
**Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

***Қадірлі денсаулық сақтау саласының қызметкерлері!***

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Медицина қызметкері күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл – ерекше мейірімге, шынайы құрмет пен шексіз алғысқа толы мереке. Себебі, адам денсаулығы қай уақытта да ең басты құндылық болып есептеледі. Ал, аурудан арашалайтын ақ халатты абзал жандар қай кезеңде де айрықша құрметке ие болған. Сол себепті біздің елімізде Медицина қызметкер күні нағыз халықтық мереке ретінде аталып өтіліп келеді.

Қымбатты дәрігерлер, Сіздер өздеріңіздің кәсіби парыздарыңызды абыроймен атқарып келесіздер. Қиын сәттерде науқастың дертіне дауа болып, еміне шипа боласыздар. Сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында тоқтаған жүректер қайта соғып, үзілген үміттер қайта жалғанып жатады. Жезқазған аймағында денсаулық сақтау саласы қарқынды дамып келеді. Жылдан жылға салаға бөлінетін қаржы көлемі ұлғайып, емдеу мекемелері салынып, жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек, жедел жәрдем мен стационарлық көмек те айтарлықтай дамуда. Емдеу мекемелерін қазіргі заманғы медициналық техникалармен жабдықтау, заманауи медициналық технологияларды енгізу – тұрғындарға қызмет көрсету сапасын арттыруға, әрбір отбасының, әрбір азаматтың денсаулығын жақсартуға оң ықпалын тигізіп отыр. Дегенмен, медициналық қызмет сапасы ауруханалар мен емханалардың санына ғана емес, жоғары технологиялық құралдармен жабдықталу деңгейіне, медициналық кадрларға де тікелей байланысты. Кадр тапшылығы жақын арада шешемін табады деп үміттенеміз. Биыл қаламызға бірнеше жас маман келеді деп жоспарлап отырмыз.

Біздің аймағымыздың денсаулық сақтау саласының тарихында өзінің кәсіби қызметіне адал ақ халатты абзал жандар аз еместігін де айрықша мақтанышпен айта аламыз. Осынау шуақты мереке күні отандық медицина саласының бастауында тұрған ардагерлерімізге, Жезқазған аймағының денсаулық сақтау саласын қалыптастыруға қарымды үлес қосқан қайраткер тұлғаларға шексіз алғысымды білдіремін. Олардың салған сара жолдары мен ізгі дәстүрлері бүгінгі күні де өңіріміздің алдында тұрған межелі міндеттерді шешуге оң әсерін тигізіп келеді. Сіздерге зор денсаулық, еңбекте табыс және отбасыларыңызға сарқылмас ырыс-несібе тілеймін!

**Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасы**
**Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Л.РАНОВА**

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ

# ХАЛЫҚ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Президент сайлауы әрдайым халық үшін тарихи кезең саналады. Саяси науқан барысында азаматтар ел Президентін ғана емес, өз болашағы мен тағдырын таңдайды. Осыны жете түсінген қалың жұртшылық кандидат болып 7 үміткер тіркелген күннен бастап, сайлау өз мәресіне жеткенше айтарлықтай белсенділік танытты. Биылғы сайлаудың ерекшелігі де осында болса керек, халық самарқаулықтан арылып, ел келешегі үшін таңдау жасауда тың серпіліс танытты. Талғамын таразылап, сабырын салмақтай білген көпшілік ел Президентін таңдауда асқан парасаттылық таныта білді. Соның нәтижесінде бәсекеге түскен жеті үміткер арасынан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев озып шығып, жеңіске жетті. Сайлаушылардың 70 пайыздан жоғары дауысына ие болып, Қазақстан Республикасының Президенттігіне сайланды.

***Орталық сайлау комиссиясының кезектен тыс президент сайлауының қорытындысы бойынша***
**70,96 % дауыспен Қ.Тоқаев жеңіске жетті. Ал Ә.Қосанов – 16,23 %, Д.Еспаева – 5,05 % , А.Таспихов – 1,98 % , Т.Рахымбеков – 3,04 % , Ж.Ахметбеков – 1,82 %, С.Түгел – 0,92 % дауыс жинады.**

Жалпы кезектен тыс өткізілген Президент сайлауының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап айту керек. Жеті үміткер өз бағдарламаларын жариялап, үгіт-насихат жүргізуде тең мүмкіндікке ие болды. Олардың ешқайсына қысым жасау немесе қандайда бір кемсітушілік болған жоқ. Аралайтын жерлерін аралап, кездесулерін кеңінен өткізді. Әрқайсының елімізді өркендетіп дамытуға, Тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталған салмақты да салиқалы бағдарламалары болды. Халық қалауымен жаңадан сайланған Президентіміз бұл әріптестерінің көтерген келелі мәселелерін алдағы жұмысында басшылыққа алатынын мәлімдеп отыр.

Еліміздегі сайлау барысын мыңнан астам халықаралық байқаушы қадағалады. Олардың мәлімдеуінше, сайлау халықаралық барлық талаптарға сай өткен. Сайлаушылардың белсенділігі айтарлықтай жоғары болғаны байқалды. Әрине, бірен-саран учаскелердегі азын-аулақ кемшіліктер жалпы жағдайға көлеңкесін түсіре алмайтыны анық. Бұл жолғы сайлаудың басты мәнінің өзі шынайы демократия талаптарына сай өтуінде десе болады. Нағыз ашық бәсеке қамтамасыз етілді. Оны көпшілік жұрт мойындап, нақты пікірлерін білдіруде. Алауыздық танытқысы келіп, кереғар пікір таратушылар да жоқ емес. Шыны керек, шынайы жағдай олардың пиғылынан әлдеқайда басым түсуде.

Қасым-Жомарт Тоқаев кезектен тыс Президент сайлауынан кейін Ақордада шетелдік және отандық журналистерге арнап баспасөз мәслихатын өткізді. Әлемнің 40 елінен келген 350-ге жуық шетелдік журналист дүние жүзіне хабар таратқан екен. Баспасөз мәслихатын ашқан Қасым-Жомарт Кемелұлы өзіне дауыс беріп, қолдау танытқан барша Қазақстан азаматтарына алғысын білдірді.

– Бұл – үлкен жауапкершілік. Жауапкершілікті орындау мен үшін үлкен міндет. Бұл – халықтың сенімі. Сайлау жоғары деңгейде, әділ және ашық өтті, – деді ол.

Қ.Тоқаев өңірлерде кейбір мәселелер әлі шешімін таппай отырғанына да тоқталып өтті. «Мен оларды жақсы білемін, сіздер де жақсы білесіздер. Бұл – медицинаның сапасы, жалақының төмендігі, экология, ауызсумен қамтамасыз ету. Осы өзекті мәселелерді басты назарға аламыз», – деді Мемлекет басшысы. Осы орайда нақты шешімдер қабылдау үшін Үкіметке тиісті тапсырмалар беретінін баса айтты.

Сонымен, Қазақстан тарихының жаңа бір парағы ашылды. Халық ел Президенті ретінде қапысыз таңдауын жасаған Қасым-Жомарт Тоқаев басқару саласында тәжірибесі мол, әлемге танымал саясаткер екені белгілі. Еліміздің болашағы үшін халқымызбен бірге еңбек ететінін, әділеттілікті ту етіп, өркенді өзгерістерге бастайтынын жариялап отыр. Президент біреу, халқымыз оған тіреу болса екен дейміз. Ең басты құндылығымыз – халқымыздың татулығы, ынтымағы мен бірлігі. Сан ғасырлар бойы армандап қол жеткізген Тәуелсіздігіміз қымбат. Осы береке-бірлігімізді сақтай отырып, Жаңа Президентпен бірге жарқын болашаққа нық қадам баса берейік.

**Амандық РАХҰЛЫ**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ГУРБАНГУЛЫ БЕРДІМҰХАМЕДОВПЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедовпен телефон арқылы сөйлесті.**

Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының Президенті сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтап, жауапты әрі жоғары мемлекеттік лауазымына табыс тіледі. Тараптар Қазақстан мен Түрікменстанның тату көрші және халықтар достығына негізделген стратегиялық әріптестігі одан әрі нығая беретініне сенім білдірді. Сонымен қатар көшбасшылар аймақтық күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікір алмасты, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: Әкімдер кабинеттерінен шығып, халықпен ашық диалогқа баруы керек

**Мемлекет басшысы облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдерімен кеңес өткізді, деп хабарлайды «Хабар 24».**

Президент әкімдер алдына бірқатар міндет қойды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, ең алдымен азаматтарымыздың құқығы мен бостандығын, қоғамда тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек. Елде заң үстемдік құруы қажет. Заң алдында барлық азаматтардың құқығы бірдей. Сондықтан заң үстемдігін қамтамасыз ету маңызды. Әкімдер кабинеттерінен шығып, халықпен ашық диалогқа баруы керек. Билік халықты тыңдап, олардың талап-тілектеріне зейін қоюы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы еліміздегі мемлекеттік саясатты дұрыс түсіндіру мәселесіне тоқталды. Бүгінгі ең өзекті мәселе – жұмыс орындарын ашу. «Аймақтарда жұмыс орындарын ашу әкімдердің жұмысының басты көрсеткіші болады. Бұл үшін барлық мүмкіндіктерді қарастыру керек», – деді Қазақстан Президенті. Қасым-Жомарт Тоқаев жуық арада Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылатынын атап өтіп, осы кеңеске мүше болатын азаматтарды барлық өңірден ұсыну қажет екенін айтты. Сонымен қатар, Президенттің кадрлық резервіне де ұсыныстар әзірлеу керектігіне назар аударылды. «Әр өңірден ұсыныстар беріңіздер. 300 жас маманды іріктеп, мемлекеттік қызметтің барлық саласына тарту керек. Бірақ осы жас мамандарды іріктеу ісі әділ жүргізілсін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ ПАРАЛИМПИАДАШЫЛАР БЕРЛИНДЕ 17 МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

**Қарағандылық паралимпиадашылар Берлинде жүзуден Әлем кубогының кезеңінде сәтті өнер көрсетті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.**



Қарағанды облысы атынан ұлттық құрама сапында үш спортшы өнер көрсетті: Наталья Звягинцева, Андрей Афанасьев және Әлия Рахымбекова. Олар 17 медаль жеңіп алды: – бес алтын, төрт күміс және сегіз қола. Біріншілікке 65 елден көру мүшелері мен тірек-қимыл аппараты зақымданған 500-ден астам спортшы қатысты. Наталья Звягинцева қазақстандық құраманың қоржынын 12 медальмен толықтырды, оның ішінде төрт алтын жүлде бар. Қарағандылық спортшы аралас эстафетада және 50, 100, 200 метр қашықтықта жүзуде үздік атанды. Әлия Рахымбекова эстафетада бір алтын және екі қола медаль жеңіп алды. Андрей Афанасьев 50 метр қашықтықта брасспен жүзуде екінші орынды және аралас эстафетада үшінші орынды иеленді. Спортшылар ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушылары Наталья Манохина, Инга Горбатова, Евгения Ракитинаның басшылығымен шұғылданады.

## ЕҢБЕК МИНИСТРІ КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРДЫҢ ТАЛАБЫНА ҚАТЫСТЫ ПІКІР БІЛДІРДІ

**ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев жақында көпбалалы аналардың қатысуымен өткен кездесуге қатысты пікір білдірді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.**



«Аналар көтерген ең басты мәселе – ол баспана. Біріншіден, олар кезектен тыс баспана бергенді талап етуде. Екіншіден, бастапқы жарнасыз, несиесіз болғанын алға тартуда. Алайда, бұлай болмайды, барлығы заңды негізде іске асырылуы керек. Бізде қарапайым азаматтар кезекте тұр. Яғни осы адамдарға пәтер бермей, кезекте тұрмаған бұл әйелдерге береміз бе?» – деді Бердібек Сапарбаев Парламент Мәжілісінде тілшілердің сауалына жауап бере отырып. Министрдің айтуынша, бүгінде Қазақстанда 31 мың көпбалалы отбасы бар. «Үкімет үш жылдың ішінде оларды пәтермен қамтамасыз ету міндеттемесін өзіне алды. Ал, жағдайы өте қиын және баспанасы жоқ әйелдердің мәселесіне тоқталсақ, біз олармен жұмыс істеп, демеушілерді тартып жатырмыз», – деді Б. Сапарбаев. Сонымен қатар, министр ереуілге шыққан көпбалалы аналардың арасында жұмысқа орналастыруды сұрағандар аз болғанын айтты. «Өкінішке қарай, жұмысқа орналастыруды сұрағандар аз болды. Бұл өз кезегінде бізді алаңдатып отыр. Егер де олар жұмыс сұраса, онда бұл басқа мәселе. Біз олардың мамандығы болмаса да жұмыс ұсынып жатырмыз. «Еңбек» бағдарламасы аясында мемлекет есебінен оқыту мүмкіндігі бар. Осы орайда мамандыққа оқытып, кейіннен жұмысқа орналасуға көмектесеміз немесе мемлекет есебінен өтеусіз грант береміз», – деді ведомство басшысы.

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ

# САЙЛАУШЫЛАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ







**Тарих беттерінде алтын әріптермен жазылар елеулі оқиға Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы кім-кімді де толғантпай қойған жоқ. Себебі, 18 млн халыққа ие болып, алға жетелеу – кез келгеннің қолынан келер күнделікті тірлік емес, ол – ел тағдыры, жер тағдыры. «Құралай бастаған киік оңбайды, көш басшысы жоқ ел оңбайды» деп халқымыз жайдан-жай айтпаса керек-ті. Осы нақылға сүйене отырып, 9 маусым күні барша Қазақстан халқы еліне қорған болар, айбыны асқақ, мерейі үстем жаңа басшыны сайлады. Жезқазғандықтар да асқан жауапкершілікпен ел тағдырын айқындаған сайлауға белсене қатысып, өз таңдауларын жасады. «Saryarqa» газетінің ұжымы сайлау барысын бақылау мақсатында бірнеше сайлау учаскесінде болып қайтты.**



Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов № 5 мектепте орналасқан сайлау учаскесі жұмысын қарқынды бастады. Одан әрі С.Қожамқұлов атындағы театрда орналасқан № 209 сайлау учаскесіне барғанда сайлау барысының тыңғылықты әрі жүйелі түрде өтіп жатқандығын көрдік.

– Таңғы сағат 6-дан бастап сайлау комиссиясы өз жұмысына кірісті. Сайлау учаскесіне Ресей және Өзбекстан мемлекеттерінен бақылаушылар кел ді. Ресейлік Алексей Марков пен өзбекстандық Yuldoshen Azizjoh сайлау жұмысына жоғары баға берді. Үйде дауыс беретін тоғыз тұрғын бар. Сайлауға өзге қалалардың да тұрғындары қатысуда. Мысалы, алғашқы болып дауыс бергендердің бірі – Нұрбол Сәдуақасов алматылық жігіт, – деген № 209 сайлау учаскесінің төрағасы Қ.Қадырсызов.

№ 226 сайлау учаскесіне келген 78 жастағы Т.Назарбекұлы: «Мен – 10 немере, 2 шөберенің атасымын. Оларға президенттік сайлауға қатысудың маңыздылығын түсіндіріп, еліміздің болашағы айқындалатынын ұғындырдым. Президенттік сайлаудан бірде-бір рет қалған емеспін. Осымен 5 рет ұрпағымның тыныштығы, өмірлерінің жарқын болуы үшін денсаулығыма қарамастан өз таңдауымды жасауға келіп отырмын», – деді. Көнекөз ақсақал ел тыныштығын, халықтың амандығын тілеп, ақ батасын берді.

Сайлауға алғашқы рет қатысып отырған он сегіз жасар Жезқазған гуманитарлық колледжінің I курс студенті К.Қасымова достарының сайлауға қатыспауға үгіттегеніне қарамастан, ел тағдырын шешуге атсалысқанын абырой санайтынын алға тартты. № 218 сайлау учаскесіне бақылаушы ретінде тіркелген А.Кенжебек сайлау үдерісінің өте белсенді болып жатқандығын атап өтті және екі сағат ішінде 200-ден аса сайлаушы дауыс берді десе, №211 сайлау учаскесінде бақылаушы болып отырған «Ақ жол» партиясының өкілі Д.Кенжебаева екі сағат ішінде 523 сайлаушы өз таңдауларын жасағандығын баяндады.

Сайлау барысында 18-ге енді толған бірінші рет дауыс беріп отырған жастарға, көп балалы аналарға, сайлау учаскесіне бірінші болып және мыңыншы болып келген сайлаушыларға арнайы сыйлықтар табыс етілді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЖАҚТАСТАР ФОРУМЫ

«Біз – Қазақстанның біртұтас халқымыз. Бізді қасиетті жеріміздегі ортақ құндылықтар біріктіреді: бейбітшілік, игілік, өркендеу, әділдік және баршаға ортақ тең мүмкіндіктер. Мұның бәрі – Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен тәуелсіздік жылдары қол жеткізген құндылықтарымыз бен табыстарымыз. ...Мен Елбасы стратегиясының сабақтастығын қамтамасыз етіп, мемлекетіміздің әлеуметін нығайту үшін президенттік сайлауға қатысуға бел будым», – деген болатын Қ.К.Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасының алғы сөзінде. Қ.К.Тоқаевтың президенттікке үміткерлігін қолдау мақсатында 7 маусым күні республиканың түпкір-түпкірінде «Nur Otan» партиясының бастамасымен «Баршаға ортақ игілік! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» атты жақтастар форумы өтті. Осынау келелі шарадан жезқазғандықтар да тыс қалған жоқ. Біздің қаламызда да саяси жұмыс әдістерімен азаматтық қоғамның дамыған институттары, қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті саяси жүйесі бар экономикалық мықты, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құруға қол жеткізу мақсаты жолында жұмыс атқарып жүргендер форумға белсене қатысты.

Мамыр айынан бастап белсенді жұмыс жасаған Б.Қырықпышев бастаған «Nur Otan» партиясы қалалық сайлауалды штабы негізінде қабылдау бөлмелері құрылды. Қарағанды облыстық мәслихаты және Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттарының жүйелі жұмыстарының нәтижесінде тұрғындар тұрғын үй, жұмысқа орналасу сынды түрлі көкейкесті мәселелеріне шешім таба білді. Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдау мақсатында өндіріс, азаматтық қызмет пен жастар, еңбек ардагерлері мен қала тұрғындары арасында түрлі форматтағы кездесулер өткізілді. Кездесу барысында қала тұрғындары түрлі өтініш-тілектерін білдіріп, жалпыұлттық «Birge» акциясында жоғары деңгейде белсенділік танытты. Бұл өз кезегінде, халықтың президенттікке үміткер Қасым-Жомарт Кемелұлына деген зор сенімінен хабар берсе керек.





Жақтастар форумы негізінде Жезқазған қалалық сайлауалды штабының төрағасы Б.Қырықпышев, қалалық сайлауалды штабының орынбасарлары Б.Шыңғысов, Г.Қаженова, Н.Распопов және т.б. партия белсенділері сөз алып, Қ.Тоқаевты президенттікке лайықты деп тауып, қолдау көрсетуге шақырды. Сондай-ақ, форумда Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Қ.Тоқаевтың сайлауалды штабында белсенді қызмет атқарғаны үшін қалалық штаб төрағасының Құрмет грамотасымен Б.Аманбаев, Т.Бокий, С.Балмағанбетов, А.Досқабылова, С.Есмағанбетов, А.Жантасова, Ү.Жасынбекова, С.Қайратов, Р.Қапарова, В.Князева, С.Күнеділова, Ж.Сарғұлжина, З.Сатыбалдина, М.Қаженов, Ж.Үдербаева, В.Шавнев, Ғ.Әбдіғаппарова, А.Иваненко, А.Шахмұратова, В.Предеина, Ө.Оңғар, Р.Тлеужанова, Д.Әбілғазизов, С.Шаяхметова, Г.Марат, Т.Оспан, А.Төлеубек марапатталды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ҮМІТ – МОЛ, СЕНІМ – ЗОР

**Ел тарихындағы тағы бір айтулы оқиға кейін қалды. Халық өз басшысын, ел Президентін сайлады. Әрине, таңдау жасаудың оңайға түспейтіні анық. Ел басқаруға кім қаншалықты лайықты екенін безбенге салу, сараптан өткізу азаматтарға ауыр сын болатыны сөзсіз. «Халқы қандай болса, ханы да сондай болады» дейтін сөз көпшіліктің таңдауына қатысты айтылатын тәрізді.**

Бұл сайлау өтпеуі де, яғни, жарияланбауы да мүмкін еді. 19 наурызда Н.Назарбаев өз еркімен отставкаға кеткен соң, еліміздің Конституциясына сәйкес Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ел Президенті лауазымына кірісті. Оның бұл қызметті 2020 жылдың желтоқсан айына дейін еш алаңсыз атқара беруіне де болатын еді. Бірақ, Қасым - Жомарт Кемелұлы басқаша шешім қабылдады. Ол Президент лауазымына кірісkeніне бір ай толмай жатып, яғни, 9 сәуірде елімізде кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Неге? Мұндай шешімнің астарында не бар? Әрине, саясаттың жілігін шағатындар қатарынан емеспіз, бірақ, меніңше, Қ.Тоқаев бүкілхалықтық мандатқа ие болуды дұрыс санады. Өйткені, көпшілік арасында оның отставкаға кеткен Президенттің орнына келе қалуын сан-саққа жүгірткен жағымсыз сөздер айтыла бастады. «Уақытша отырған Президент» деген ыңғайдағы әңгімелерге тоқтау салу мақсатында ол батыл шешімге барып, Президент сайлауын жариялады.

Президенттік додаға түсуге ниет білдіргендер аз болмады. Егер Сайлау туралы заңда қойылған кейбір шектеулер болмағанда, үміткерлер қатары тіпті көбірек болатыны күмәнсіз еді. Бұл сайлаудың бұрынғы сайлаулардан ең басты ерекшелігі, бұған еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан жоқ. Ол «Нұр Отан» партиясының атынан партия съезінде елдің болашақ басшысы ретінде Қ.Тоқаевтың кандидатурасын ұсынды. Сөйтіп, сол ұсынысы арқылы ел арасындағы «білгішбайлардың» аузынан түспей жүрген «сайлауды жариялатып отырған Н.Назарбаев, ол «Нұр Отан» арқылы өзінің қызы Дариғаны ел Президенттігіне кандидат етіп ұсынады» деген алыпқашты әңгіменің нүктесін қойды. Осылайша, сайлау басталмай жатып, елдің көңілінде жүрген сұрақтардың бірі осылайша өз-өзінен тарқатылды.

Кандидаттардың қатарына 20 жылдан аса оппозиция қатарында жүрген Әміржан Қосанов қосылғанда сайлаудың шын мәнінде өте тартысты өтетіндігіне деген еш күдік қалмады. Кейбір ушығып кеткен әлеуметтік мәселелердің дер мезгілінде шешімін таба қоймағаны да билік өкілінің сайлаудағы салмағына сызат түсірмей қоймады. Кандидаттардың нақты бағдарламасына көңіл аудару орнына таңдау жасауға келгенде эмоцияға беріліп жатқан жұртшылықтың қатарының күннен күнге көбейіп жатқаны әлеуметтік желілерде анық байқалып та жатты. Күні кеше бірге жүрген оппозиция өкілдерінің Әміржан Қосановты «сатқын», «биліктің адамы» деп көрсетуін халықтың белгілі бір бөлігі басқаша қабылдады. «Бұл биліктің тарапынан әдейі жасалып отырған айла -шарғы, «жүрегі «халқым» деп тұрған азаматты қаралау, сол арқылы оған дауыс беретіндер санын азайтуға ұмтылу» деп түсінді. Қанша дегенмен, ондаған жылдар саясаттың сорпасын сіміріп жүрген Әміржан да халыққа қандай сөз керегін, өзін ел алдында қалай ұстау қажеттігін әбден меңгеріп алғандығын байқатты. Халыққа керекті сөзді әдемілеп айта білді, өзін сынап жатқандардың бірде – біреуінің атына ауыр сөздер айтқан жоқ, сол арқылы өзін халық алдында сабырлы һәм қарапайым саясаткер, қайраткер ретінде көрсете алды. Оның әдемі сөзіне иланып қалғандар аз болған жоқ. Ал, сайлау науқанын өте сылбыр өткізіп жатқанына, көпшілікпен кездесуден қашқақтап жүргендігіне назарымыз түсіп «Халық «Қосанов», «Қосанов» деп айқайлап жатыр, бірақ, сол Қосановтың өзі президент болғысы келмейтін секілді» деген сөзімізді ішімізде іркіп қалмағанымыз үшін бірталай сөздер естуге тура келді. Дегенмен, біз байқағанды сайлаушылардың басым бөлігі де аңғарған секілді. Сайлау қорытындысында Қасым-Жомарт Тоқаев сайлаушылардың басым дауысына ие болды. Кейбір сайлау учаскелерінде заң бұзушылықтардың орын алғаны да рас, бірақ, ондай жағдайлар жаппай сипатқа ие бола қойды деп ойламаймын. Ең қызығы, билік партиясының үміткерінің ең басты қарсыласы болып саналатын Әміржан Қосанов сайлау комиссиясының ресми тым болмаса алдын-ала қорытындылары шықпай жатып, Қ.Тоқаевты жеңісімен құттықтап, сайлау додасына нүкте қойды. Кандидаттың өзі жеңілгенін мойындап отырса, не деуге болады? Яғни, оның жеңілгені! Міне, осы орайда, сайлау әділетсіз өтті деп алаңға шығып жатқан азаматтарды түсінуге болады, бірақ, құптауға болмайды. Түсінуге болатыны – әлеуметтік желілерді сайлау кезіндегі заңсыздықтар жөніндегі мәліметтер жарияланып, бейнетаспалар көрсетілді. Жаппай сипаты болмаса да, мұндайда жалғыз бейнетаспаның өзі де санаға кереметтей әсер ететінін жоққа шығаруға болмас. Құптауға болмайтыны – өздері сенген кандидат жеңілгенін мойындаған соң, бәрі тәмәм. Осыны түсінбеген біраз азаматтар ашуға бой алдырамыз деп, заңды түрде жауапқа тартылды. Бұл да ащы сабақ болуға тиісті.

12 маусымда сайланған Президентті Ұлықтау рәсімі өтті. Ұлықтау өте қарапайым, жинақылығымен ерекшеленді. Президент Қ.Тоқаев өзінің негізгі бағыттарын жария етті. Оның сөзінен елдегі ахуалдан толық хабардар және соны шешуге ынталы екендігі байқалып тұрды. Өзім үшін ерекше әсер еткені, Қасым-Жомарт Кемелұлының қазақ тілін емін-еркін көсіле сөйлейтіндігі! Бұған дейін «осы кісінің қазақшасы қалай?» дейтін күдігім болғанын жасырғым келмейді. Ол күдік сейілді. Енді еліміздің жаңа Президентіне деген үміт молайып, сенім зорая түсті. Сөзі – нық, бағыты – айқын, қадамы – нық Қасым -Жомарт Кемелұлы елімізді жаңа биікке көтеретініне еш күмән жоқ.

**Абдолла ДАСТАНОВ, «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.**

Сәтбаев қаласы.

## КӘСІПКЕРЛІК ҚЫРЛАРЫ

# МАҚСАТ БИІГІНДЕ

**Жезқазғанда кейінгі жылдары ұйымдасқан «С и Жест» ЖШС-і «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде құрылыс материалдары зауытын іске қосуды қолға алған еді. Қазірде зауыт тұтынушыларға тауарлы бетон, қабырға блоктары және іргетас блоктары сияқты алғашқы өнімдерін шығарып, ұсына бастады. Бұл жобаның толық іске қосылуы 2020 жылдың қараша айына жоспарланып отыр.**



Құрылыс саласына бейімделген «С и Жест» ЖШС-ін металлургия өндірісінің танымал маманы, білікті инженер Сәрсенбек Төлегенов басқарады. Серіктестік өз жұмысын қазірде екі бағыт бойынша жүргізіп отыр. Бірі жоғарыда айтылған құрылысқа қажетті материалдар болса, екіншісі әртүрлі өндіріске қажетті ангар құрылысын жасауға бағытталуда. Жақында осы жаңа өндіріс орнында болып, қолға алып жатқан істерімен кеңірек танысудың сәті түскен-ді. Серіктестік басшысы Сәрсенбек Төлегеновті Жезқазған мыс қорыту зауытының күкірт қышқылы цехының басшысы болып жүрген кезінен білуші едім. Металлургиядағы күкірт қышқылы технологиясының білгір маманы, әрі іскер басшы ретінде жақсы танитынмын. Енді кәсіпкерлік саласына бет бұрғаны мені әрі қызықтырып, сонымен қоса, осындай ауқымды жобаны шағын күшпен қолға алғаны таңқалдыра түсті.

Сәрсенбек Қазымұлы қарашаңырақ Қарсақбайда туып-өскен. Әкесі Қазым қазыналы өндірісте еңбек етіп, өз қолтаңбасын қалдырған майталман еңбеккер болатын. Жасынан мыс алыбының тынысына құлақ түріп, жақын жүрген Сәрсенбек әке жолын жалғастыруды мақсат тұтты. Армия қатарында болып, әскери борышын өтеп келген соң ол 1978 жылы Жезқазған мыс қорыту зауытына жұмысқа тұрды. Газ тозаңдарын тұтатын қондырғының операторы болды. Политехникалық институтты инженер-механик мамандығы бойынша бітірген Сәрсенбек күрделі технологиялық желілердің қыр-сырына үңілуге, тәжірибелі металлургия тарландарынан үйренуге құштар болатын. Соның арқасында өндірісте мол тәжірибе жинақтады, кәсіби шеберлікке қол жеткізді. Металлургия өндірісіндегі күрделі де жауапты сала күкірт қышқылы цехының бастығы болып жемісті еңбек етті. Мыс зауытының бас инженері қызметін де ойдағыдай атқарды. Ол осы салада 30 жыл бойы еңбек еткенде күкірт қышқылы цехының жүйелерін жаңартуды, технологиясын жетілдіруді ойлап, үнемі армандап жүретін. Қайта жаңғырту жүргізілер болса күрделі жүйенің ұңғыл-шұңғылына тереңдеп бойлай түскісі келетін. Осы арманының орындалуының да сәті түсті. Бірақ, мыс зауытында емес, басқа жерде.

Сәрсенбек Төлегеновті 2010 жылы білікті инженер, тәжірибелі маман ретінде «Қазатомпром» ұлттық компаниясы жұмысқа шақырды. Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында күкірт қышқылы зауытының құрылысы қолға алыныпты. Ол осы жаңа өндірістік жобаны жүзеге асыруға білек сыбана кірісті. Италия мамандарымен бірге жаңа зауытты монтаждау, жабдықтарын реттеп іске қосу жұмыстарына қатысты. Жезқазған мыс зауытының күкірт қышқылы цехының үлкен мектебінен өткен Сәрсенбек бұл жерде де бірге барған жігіттермен бірге жаңа жүйені жабдықтауға іскерлікпен атсалысып, кәсіби шеберлігін көрсетті. Нәтижесінде уран өндірісін негізгі реагенттермен қамтамасыз ететін қуатты күкірт қышқылы зауыты белгіленген мерзімінде, 2013 жылы іске қосылды. Сәрсенбек Төлегенов ел экономикасындағы осы маңызды өндірістік жобаның жүзеге асырылуына белсене қатысып, лайықты үлес қосқаны үшін «Қазақстан Республикасы атом өнеркәсібінің еңбек сіңірген қызметкері» атағына ие болды және І-дәрежелі «Алтын белгімен» марапатталды.

Үлкен абыроймен туған өңірге қайтып келген Сәрсенбек енді мүлдем басқа салаға ойысты. Кәсіпкерлікке бет бұрды. Әр шаруаны бастамас бұрын он ойланып, жүз толғанатын әдетімен өңір халқына пайдасы тиетін, сұранысқа ие кәсіпті қолға алғысы келді. Сөйтіп, құрылыс саласын қолайлы көрді, құрылысқа қажетті материалдар шығаруды ойластырды. Шағын және орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы аясында іс бастармын деп бекінген болатын. Алайда, бәрі бұл ойлағандай жылдам бола қоймады. Жобалаған істің бір құжатының соңында айлап жүріп, жылдап күту қажеттігін көрді. Алға қойған мақсатына жету үшін аянбай күш жұмсап, табандылықпен еңбек етуге дағдыланған Сәрсенбек Қазымұлы қиындықтан қайыспады. Бастаған ісін құлшыныспен жалғастыра берді. Бизнес жобасы мемлекеттік бағдарлама бойынша қолдауға ие болды. Моно қалаларға қолдау көрсету шеңберінде «Даму» қоры арқылы бес жылға 20 млн. теңге жеңілдетілген несие алып, ойға алған ісін ақырын жүргізе бастады. Ең әуелі өндіріс аумағын қоршап, товарлы бетон және қабырға материалдарын өндіретін зауытты монтаждады. Қажетті техникалар сатып алды.

— Қала әкімдігінің ең үлкен көмегі өндіріс аймағына қажетті сұраған жерімізді берді. Төрт гектардай аумағы бар бұл жерде құрылыс материалдарын шығаратын зауытпен қатар болашақта декоративтік төсемтас, пластикалық терезе, әртүрлі металл құрылғылар жасайтын цехтарды іске қосуды жоспарлап отырмыз. Жүк тиегіш, бетон тасымалдайтын екі, су таситын бір автомашина және ұзын қорапты жүк көлігі сияқты техникалар алдық. Қазіргі айналысып жатқан жұмысымызға енді бір автокран жетіспей тұр. Ресей өндірісінде құрастырылған зауытымыз сағатына 30 текше метр бетон бере алады. Жұмыс барысы автоматты түрде басқарылады. Сұранысқа орай құрылыс материалдарын шығарып отырамыз. Өнімдеріміз сапалы, әрі басқалардан бағасы төменірек. Өткен жылы Сәтбаев қаласындағы жаңа ықшам ауданда салынған құрылыстарға, сондай-ақ, «Самади» сауда орталығының құрылысына бетон бердік. Биыл көктемнен бастап біршама тапсырыстар бола бастады. Қаланың батыс ауданындағы салына бастаған коттеджderден құрылыс материалдарына сұраныс болып отыр. Ұлытауда бой көтеретін визит орталығына да қажетті материалын беру жөнінде келісіміміз бар. Сонымен қатар, әртүрлі өндірістік қажеттілікке орай тапсырыспен ангарлар жасап, монтаждап береміз. Мәселен, қазір қаладағы бір кәсіпкер автомашина жуатын орын жабдықтау үшін ангар жасатып жатыр. Мал шаруашылығымен айналысатын бір адам кеңірек ангарға тапсырыс берді. Қолға алған жобамызды толық жүзеге асыру үшін осылайша аздап қаржы айналымын қалыптастыруға ұмтылудамыз. «Даму» қоры арқылы алған несиені төрт жылда жауып тастадық. Өндірісімізде бүгінде 15 адам жұмыс істейді. Болашақта жоба толықтай жүзеге асқанда 30 адам жұмыспен қамтылады, — дейді серіктестік басшысы Сәрсенбек Қазымұлы.

«Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалаған жақсы» демекші, құрылыс материалдарының түр-түрін жергілікті жердің өзінде шығару өте өркенді іс десе болады. Оның үстіне Жезқазған өңірінде біраз жылдай тоқырап қалған тұрғын үй құрылысы да кейінгі уақытта жандана бастағаны қуантады. «С и Жест» ЖШС басшысының қолдау, көмек болса ойға алған істері әлі де көп сияқты. Теміржол тұйығы, су құбыры, кәріз жүйесі тәрізді инфрақұрылымдарға шамасы келмей, «мемлекеттік бағдарламаға сай әкімдік тарапынан көмек болса, шіркін» дейді ол. Мақсат биігіне ұмтылған іскер азамат, кәсіпкер Сәрсенбектің қолға алған ісінің табысты болып, өндірісінің өркендей беруіне тілектестік білдірдік.

**Амандық РАХҰЛЫ**
**Суретте: кәсіпкер С.Төлегенов зауыттың басқару пультінде.**
Суретті түсірген автор.

## АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# ТҰРҒЫНДАР САУАЛЫНА ЖАУАП БЕРДІ

**Көкейдегі сауалдың жауабын таппай, кезекті шаруаның қисынын келтіре алмаған сәттеріңіз жиі болатын шығар. Тосын мезетті талай істерге дер кезінде жауап алғыңыз келсе аптаның әр бейсенбісінде Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өтетін ашық есік күніне келіңіз. Бұл жерде сіз кез келген сұраққа нақты әрі дәл жауап ала аласыз.**



Жезқазған қаласы әкімдігі ұйытқы болып отырған кезекті ашық есік күніне біз де қатысып, ел көкейінде жүрген көп сұрақ бойынша жауап іздеп қайттық. Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова қатысқан кездесуге келген жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Х.Жаналин, мемлекеттік корпорация филиалының Жезқазған қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы А.Байменова, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің бас маманы М.Ембергенова, қалалық тұрғын үй инспекциясының басшысы А.Сағымбаева, білім бөлімінің басшысы Ж.Әлмағанбетов және өзге де мемлекеттік мекемелердің мамандары тұрғындар сұрағына жауап берді.

– Тек бұл жерге ғана емес, мекемелердің өз кеңселеріне де халық көптеп барады. Бүгінгі күні менің алдыма келген тұрғындар Кеңгір ауылының №98 бағыттағы автобус қозғалысы, қала үйлерін жөндеу, су кіргізу, көп балалы аналарды толғандырған жайттар бойынша шешімі табылмаған көп сұраққа жауап алды. Барынша қай шаруада да болсын көмегімізді аямаймыз, – деді Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова. Сондай-ақ, тұрғындар ашық есік күнінде қаладағы және үйлердегі құқық бұзушылықтар бойынша, үй кезегіне тұру, зейнетақы рәсімдеу, балабақшаға кезекке тұру сынды сауалдарға жауап алды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ




«Бетеге кетсе – бел қалар,
Бектер кетсе – ел қалар,
Берекең кетсе – нең қалар?» дейді қашаннан да ел бірлігі мен халық ынтымағын бас тұғырға қойған данагөй жұртымыз. Содан болар, осы күнге дейін қазақ атты қайсар халықтың қара шаңырағына уықтай қадалып 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері қойнауын құтқа, қазанын ырысқа толтырып тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр. Тілі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір сан түрлі этнос өкілдері мысы балқыған, қойнауы шалқыған Жезқазған-Ұлытау аймағын да жайлаған. Республикалық этно-мәдени бірлестіктер күніне арналған шара біздегі ұлтаралық татулық пен ауызбіршілікті паш етті.

Шара тізгінін алған Зинаида Чумакова көрермен жастарға:

– Егеменді Қазақстанға жету жолында көп жағдайлар басымыздан өтті. Сан түрлі қоғамдық модернизациялардың куәгері болдық. Кезіндегі ұсақ этностық топтардың өлшеусіз еңбегінің арқасында ауқымды Қазақстан Халқы Ассамблеясы құрылды. Менің осында отырған барлық жастарға айтарым: егер де күндердің күнінде алдарыңызға таңдау таразысы тартылар болса, әрдайым өздеріңіз туған, өсіп-өнген елді таңдаңыздар. Сол елдің игілігі жолында білім алыңыздар, жұмыс жасаңыздар, еңбек етіңіздер, туған Отанның гүлденуіне өз үлестеріңізді қосыңыздар. Ең бастысы, бәсекеге қабілетті болыңыздар. Бәсекеге қабілеттілік қана біздің мемлекетімізді дамыған елдердің алдыңғы көшіне шығарады, – деп ақ тілегін ақтарды.

Кездесу барысында орыс, кәріс, неміс ұлтының мәдени бірлестіктері төрағаларына сөз берілді. Олар шараға қатысушыларды президенттік сайлауға бейжай қарамай,өз таңдауын жасап, ел тағдыры шешілер тарихи күнге атсалысуға шақырды. Одан әрі шара даналық пен даралықтың белгісіндей болған «Ақ әжелер» ансамблінің мен «Жезқазған маржандары» ұжымының әсем әнімен жалғасты. Ақын, аудармашы А.Черкасовтың украин тіліндегі «Любысток» өлеңімен, «Диндалле» корей этно-мәдени бірлестігінің музыкалық шашуымен, хип-хоп жанрында өнер көрсететін «Көше энергиясы» тобының мың бұралған биімен және Сәтбаев қаласынан арнайы келген В. Гайнуллин мен аймағымыздың айтулы әншісі Б.Көшеновтің «Жезқазған маршы» әнімен кеш ажары шырайлана түсті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

**Жарқын күндерімнің куәсі, жалындаған жастық шағым өткен Жезқазғанның мен үшін орны бөлек. 1974 жылы жолдамамен келген мен облыс тараған тұста отбасы жағдайымен Алматыға қоныстандым.**

# ҚАЗАҚ СЫНЫПТАРЫНЫҢ АШЫЛҒАНЫНА – 30 ЖЫЛ

1989 жыл. Бұл желтоқсанның ызғарынан кейін халықтың рухы көтеріліп, еңсесі тіктелген кез еді. Дәл осы уақытта «Тілдер туралы» заң шығып, орыс мектептерінің жанынан қазақ сыныптары ашылсын деген қаулы жарияланды. Дегенмен, оны орындауға көбісі асықпады. Мектептердің тарлығын, балалардың жоқтығын желеу еткендер табылды. Бірақ, Асқар Ермекбаев бастаған «Қазақ тілі» қоғамы мен марқұм Апбаз Қаражігітов сынды қайраткерлер 9-орамның балалары үшін қазақ сыныбын ашу үшін аянбады. Талай табалдырықты тоздырып, талай есікті қаққан соң ғана біздің қазақ сыныбын ашу арманымыз орындалды. Міне, содан бері отыз жылдың жүзі өтіпті. Қолыма қалам алып, редакцияға хат жолдауымның да себебі осында.

Орыс мектептері жанынан қазақ сыныптарын ашу идеясын жүзеге асыру қажырлы еңбекті қажет етті. Қазақшаға шорқақ ата-аналар балаларын қазақ сыныптарға беруден қорқақтады. Оның үстінде балалардың өзі орыс тілді балабақшадан тәлім-тәрбие алған. Бірақ, бұл біздерге қолбайлау болмады. Орамдағы тұрғын үйлердің әр пәтерін аралап, балаларын қазақ тілді сыныпқа беруіне үгіт-насихат жүргіздік. Еліміздің болашағы ана тілінде екенін ұғындыруға тырыстық. Баланы да, ата-ананы да қолдауға дайын екенімізді көрсеттік, Осылайша 1989 жылдың күзінде 20-25 баладан құралған екі қазақ сыныбын аштық. Қуаныш ұзаққа созылды деу қиын. Әуел баста сол №13 мектептен сынып табылмады. Иесіз қалған балабақша ғимаратын паналауға тура келді. Оқу-әдістемелік материалдың, кітаптардың аздығы, мектепке қажетті жиһаз, жабдықтардың жоқтығы сынды қиындықтарды жұдырықтай жұмыла шешуге тырыстық. Ата-аналардың қолдауымен қолдан парта, орындық пен жазу тақтасын жасадық. Сынып жетекшілері Қымбат Назарқызы мен Алма Советқызының үйлерінен кезектесіп компот қайнатып, тоқаш пісіріп әкелгенін де көрдік. Намысқа тырысқан қадамымыз оңынан болып, оқушылар оқу жылын тәмамдады. Қазақша сөйлеу түгілі түсіне қоймайтын балалардың ана тілін меңгерудегі жетістігін байқаған ата-ана да, сынып жетекшілер де жігерлене түсті. Келесі оқу жылында мектеп табалдырығын аттаған ұл-қыздар төрт сыныпқа жетті. №13 мектептің жанынан сыныптар беріліп, оқушылар толыққанды білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Сол жылы алғашқы рет мектеп қабырғасында Ұлыстың ұлы күнін думандата тойладық. Қазақтың салт-дәстүрлерін, ұлттық тағамдары мен көзтартар оюлы киімдерін паш еттік. Сонда алғашқыда қазақ сыныптарына мұрын шүйіре қарағандар біздің ұйымшылдығымызға қызыға да, қызғана да қарады.

Осы ретте қазақ сыныбының ашылғанын, оның сәтті жұмыс жасап тұрғанын халық арасына жеткізген БАҚ өкілдері қазақ радиосының тілшісі Базаркүл Үмбетова, тележурналист Бақыт Мәукенова мен Мәкен Имағанбетовалардың да еңбегі орасан екенін атап өтпеске болмас. Сол бір «тар жол, тайғақ кешу» жылдары көкірегі ояу, жүрегі қазақ деп соққан Асқар Ермекбаев, Мыңжасар Айсауытов, Әбілқас Нұрлыбаев, Айна Құсайынова, Мұрат Медетбеков есімді азаматтарды да атаусыз қалдыруға келмес.

Орыс мектептерінің жанынан ашылған қазақ сыныптарына биыл 30 жыл толса, алғашқы түлектердің мектеп қабырғасынан түлегеніне – 20 жыл. Осы қос қуанышты қарсы алу үшін 22 жылдан соң түлектердің шақыртуымен Жезқазғанға арнайы келдім. Қаланың арғы басынан бергі бетіне дейін жаяу жүріп, өткен шаққа оралып, бақытты күндерімді еске алдым. Қалада көп оң өзгерістер орын алғаны байқалды. Мысты өлкеде өркендеу мен өсу барын көріп қатты қуандым. 65 жылдық мерейтойын қарсы алған Жезқазғанның болашағы бүгіннен де жарқын екені сөзсіз. Біздер дәйім соған тілекшіміз!

**Роза Досымқызы БЕКЖАНОВА,**
**ардагер ұстаз,**
Алматы қаласы.

# ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ЖАСТЫҚ ШАҚТАН ЖОСПАРЛА

**«Бейнет түбі – зейнет» демекші, ұзақ жылдарға созылатын еңбек жолынан кейін адамдардың зейнеткерлікке, яғни құрметті демалысқа шығатыны белгілі. Бұл шақты ақындар «Алтын күзге», философтар «Даналық кезеңіне» теңейді. Қазыналы қарттық шаққа жетіп, қаржыдан тарықпай бейқам өмір сүру үшін әркім қазірден бастап қамдануы қажет. Яғни, зейнетақысын жоспарлауды үйренуі қажет.**

Бүгінде жағдай зейнеткерлердің белсенділігі жоғары. Бұрын біз сексеннің сеңгіріне шыққан шетелдік зейнеткерлердің ел аралап, саяхат жасап жүргенін көріп, таң қалатынбыз. Қазір мұндай үрдіс бізде де қалыптаса бастады. Демографтардың, психологтардың, әлеуметтанушылардың айтуынша, адамның жасы біртіндеп жасара түсуде. Бұл феномен әлемдік сипатқа ие болып отыр.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының британдық актуарийлер институтымен бірлесе жасаған есептеулері бойынша Қазақстандағы орташа өмір сүру ұзақтығы ерлер үшін – 80 жасты, әйелдер үшін – 82 жасты құрады. Бұл – жақсы көрсеткіш. Шынында, қазір әлемде өзінің жұмысқа қабілеттілігін, денсаулығын барынша ұзақ сақтап, бос уақыттарын қызықты өткізуге күш салып жатқандар көп. Бұл жаңа үрдіс Қазақстанда да қоғам мен билік тарапынан қолдауға ие болып отыр: біртіндеп ересектер үшін бос уақыт өткізу орталықтары ашылып, әлеуметтік бейімдеу мәселелері шешілуде. Яғни, ұзақ өмір сүруге, өмірді қуанышқа, қызықты оқиғаларға толы жарқын кезеңге айналдыруға мүмкіндік мол. Ал, шын мәнінде солай болуы үшін еңбекке араласқан уақыттан бастап, болашаққа қор жинау жағын ойлау керек. Өйткені зейнет жасында қаржы жағынан қамтамасыз етілу – болашақ зейнеткерлерді мазалайтын маңызды мәселелердің бірі.

Салымшылар зейнет жасына дейін лайықты қаржы жинау үшін «БЖЗҚ» АҚ инновациялық сервис әзірлеген болатын. Соның көмегімен әрбір салымшы өз бетімен дербес зейнетақы жоспарын жасай алады. Мұны қордың enpf.kz сайтының жеке кабинетінде пайдалануға болады. Ең алдымен мұнда зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы үзінді көшірмені көруге болады. Бұл жерде Сіз жеке деректемелеріңізге өзгерістер мен толықтырулар енгізе аласыз. Сондай-ақ, зейнетақы калькуляторы арқылы болашақ зейнетақының болжамды мөлшерін есептеуге, сәйкесінше жинақтарыңыз қанша уақытқа жететіндігін білуге болады.

Зейнетақы калькуляторының екі түрі бар. Біріншісі – **ағымдағы зейнетақы калькуляторы** деп аталады. Ол зейнетке шығуға дайындалып жүрген азаматтарға арналған. Сол арқылы ай сайын берілетін зейнетақының болжамды мөлшерін білуге болады. Екіншісі – **болжамдық калькулятор**. Бұл калькулятор арқылы кез-келген адам болашақта алатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін тез арада есептей алады. Ол үшін қор сайтының «Электрондық қызмет көрсету» бөліміне кіріп, «Зейнетақы калькуляторы» түймешесін басасыз. Экранда қарапайым кесте ашылады, оған жасыңызды, жынысыңызды, жалақы көлемін, жұмыс өтілін және зейнетақы жинақтарыңыздың қазіргі сомасын жазу керек. Бағандардың барлығы толтырылған соң, «Есептеу» түймешігін басасыз. Сонда «пессимистік», «реалистік» және «оптимистік» деп аталатын үш сценарий бойынша зейнет жасына толған кезде алатын ай сайынғы зейнетақының болжамды мөлшері анықталады. Бұл ретте калькуляторды қор сайтының «Жеке кабинеті» арқылы да ашып, пайдалануға болады. Онда тиісті нысандарға қажетті сандар автоматты түрде енгізіледі. Сөйтіп, «Есептеу» түймешігін басу арқылы анағұрлым дәл көрсеткіштерге қол жеткізе аласыз.

Таяуда enpf.kz сайтының «Зейнетақы калькуляторы» бөлімінде «Жинақтарды өмірді сақтандыру бойынша компанияға аудару» деп аталатын жаңа қызмет іске қосылды. Сол арқылы өмірді сақтандыру бойынша компаниямен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін шоттағы зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткілікті сомасын есептеуге болады. Бұл калькулятор ең төменгі зейнетақы мөлшерін ескере отырып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін зейнетақы жинақтарының сомасы қандай болу керектігін есептейді. Сіз тиісті бағанда жынысыңызға қатысты мәліметті белгілеген соң, шарт жасасуға қажетті жас мөлшері автоматты түрде көрсетіледі. Калькулятор ағымдағы жыл бойынша ең төменгі зейнетақы мөлшерін ескере отырып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін зейнетақы жинақтарының сомасы қандай болу керектігін есептейді.

Жеке кабинетіңіздің төмен жағында зейнетке шығу уақытыңызды есептейтін таймер орналасқан. Ол жылды, күнді, минутты, тіпті секундқа дейін көрсетеді. Бұл көрсеткіш зейнетке дейін қанша уақыт қалғанын аңғартады. Яғни, сол арқылы жинақтарыңыздың лайықты зейнетақы алуға жеткіліктілігін көруге, егер жеткілікті болмаса, қанша мөлшерде жарна аударып тұру керектігін есептей аласыз. Бұл жерде ерікті зейнетақы жарналарын аударып тұру – болашақта алатын зейнетақыңызға елеулі түрде қосымша қаражат болады. Зейнетақыны жоспарлау деген осы.

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры баспасөз қызметі**

# КӨРНЕКІ АҚПАРАТ МАЗМҰНДЫ БОЛСА...

Қазіргі таңда ономастика қоғамның ажырамас бөлігіне айналып, тіл саласының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Ономастиканың негізгі тармағы – жарнама тілі екені белгілі. Көшеге шықсақ та, үйде теледидар, радио, ғаламторды қоса қалсақ та түрлі-түсті жарнама көздің жауын алады. Сондықтан да, қазақ тілді жарнамалар ана тіліміздің байлығын, бейнелілігін, мәртебесін насихаттайтын құрал екенін естен шығармаған абзал.

Жарнама мен көрнекі ақпараттардың сауаттылығы – бүгінгі күннің өзекті тақырыптардың бірі. Тұтынушы мен өндіруші арасындағы дәнекер болып табылатын жарнама экономиканың дамуын ынталандыратын, өндірістік үдерістер мен өнім сапасын жетілдіретін маңызды дүние. Жарнаманы экономиканың ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық өмірдің де белді бөлшегіне айнала бастаған әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру қажет. Елімізге нарық заманы енгелі көрнекі ақпараттың маңызы арта түскендігі бәрімізге белгілі. Жарнама табыс көзіне айналды. Кез келген кәсіпкер шығарған өнімін жарнамалап, насихаттамай, оны толыққанды өткізу мүмкіндігіне ие бола алмайтынын жақсы түсінді. Меншік түріне қарамастан ҚР аумағындағы барлық ұйымдар, нысандар атауларының, жарнама мен көрнекі ақпараттың қазақ тілінде жазылуы жөнінде тіл және жарнама туралы мәселелері де өзекті болып қарастырылып шешімін де тапты. Көрнекі ақпараттардың маңызы артып отырған заманда қала көшелерінде ілінген көрнекі ақпарттар тек жарнама түрінде ғана емес, сондай-ақ, өңірдің дамуына үлес қосқан тұлғалар мен жергілікті спортшыларды, ақын, сазгерлерді және әр жылдары Отан үшін ерлік көрсеткен батырларымызды насихаттап, олардың құрметіне билбордттар орнатып тұрса деген тілек бар. Сонда қала тұрғындары мен өсіп келе жатқан жастар қаланың өткенінен хабардар болып, ұлылардан үлгі алар еді. Әр тасы мен тауы тарихқа толы туған жеріміздің тарихи орындары мен ескерткіштері де көрнекі ақпараттар арқылы паш етілсе нұр үстіне нұр. Көрнекі ақпараттардың кермелерін осындай мағыналы әрі мазмұнды дүниелермен толтырсақ ұтпасақ ұтылмаймыз.

**Нұргүл ШӘГІЛ,**
**Жезқазған технология және сервис колледжі тарих пәнінің оқытушысы**

16 МАУСЫМ — МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

# БІЛІКТІ ХИРУРГ

**Жезқазған көпбейінді ауруханасы директорының хирургиялық қызмет жөніндегі орынбасары Ғабиден АХАНОВ қала әкімінің «Үздік хирург» номинациясының иегері болса, өткен жылғы кәсіби мереке қарсаңында «Мамандыққа адалдығы үшін» грантына лайықты болды. Ақ халатты абзал жан атанған дәрігер-хирург осы салада еңбек еткен 25 жылдан бері қандауырын серт ұстап, жүздеген күрделі операцияларды бастан өткерді. Талай адамды ажал тырнағынан арашалап қалды.**

Ол жастай армандап қол жеткізген мамандығын сүйеді, осы жолдағы кәсіби біліктілігі мен шеберлігін арттыруды өзінің өмірлік мақсатына айналдырды. Ғабиден көп балалы теміржолшы отбасында дүниеге келген. Әкесі Әрін Аханов Қызылжарда 40 жылдан аса теміржол бойында аға шебер болып қызмет атқарған. Анасы Дәулет Мақажанқызы он баланы өмірге әкеліп, омырауына «Алтын медаль» таққан ардақты ана болатын. Әттең, екеуі де дәрігерлікті қалаған ұлдарының аймаққа танымал білікті маман болып қалыптасқанын көре алмай, ертерек өмірден озды. Сабаққа алғыр Ғабиден 1985 жылы Қызылжар орта мектебін үздік оқып бітірген соң Қарағанды мемлекеттік медициналық институтына жол тартып, өзі армандаған «Емдеу ісі» факультетіне түсті. Ауылдан барған балаға мединститутта оқудың оңайға соқпайтыны белгілі. Жүрегімен қалаған мамандығының қыр-сырына тереңдеп бойлау үшін бұл тынымсыз ізденді, орыс классиктерінің әдебиетін талмай оқи берді. Пайдасы тиді. Алғашқы кезеңде толық түсінбей жүрген орысша лекцияларды кейін құлаққа құйып алатын болды. Мамандыққа бағыттар кезде институт оқытушылары Ғабиденге: «Сенің хирургияға икемің мол» деп оны осы салаға бейімдеді. Сөйтіп, жоғары оқу орнын бітіріп, 1993 жылы Жезқазғандағы №1 қалалық аурухананың хирургиялық бөлімшесінде дәрігер-интерн ретінде интернатурадан өтті. Интернатураны ойдағыдай аяқтаған соң 1994 жылы осы ауруханада дәрігер-хирург болып еңбек жолын бастады. Тәжірибе жинап, білімін іс жүзіне асыруға құштар болды. Оның қабілет-қарымы мен алғырлығын байқап, зор сенім білдірген денсаулық сақтау саласының басшылары үш-төрт жылдан кейін Ғабиден Әрінұлын Сәтбаев қаласындағы туберкулез диспансерінің өкпе-хирургия бөлімшесіне дәрігер етіп жібереді. Осында дәрігер-ординатор болып бес жылдай еңбек еткенде ол кәсіби шеберлігін одан әрі шыңдай түсті. Негізінде хирургияда өкпеге ота жасау күрделі операциялар қатарына жатады. Ғабиден өкпеге, өкпе қуыстарына жасалатын осындай операцияларға жиі қатысып, күрделі міндеттерді сәтімен атқара білді.

Бұдан кейінгі еңбек жолы Жезқазған қалалық ауруханасында жалғасып, 2002 жылы ауруларды қабылдау бөлімшесінің меңгерушілігіне тағайындалды. Жедел-хирургия саласының дәрігер-хирургі қызметін қоса алып жүрген кездері де болды. Кімде болсын, «Алла, пышаққа түсуден сақтасын» деп тілейтіні анық. Алайда, дерт меңдесе, әйтпесе оқыс жарақат алған жағдайда адам өз өмірін дәрігердің қолына сеніп тапсыруына тура келеді. Сонымен қоса, дәрігердің хирургиялық араласуынсыз адам өмірін сақтап қала алмайтын жағдай да болып тұрады. Мұндайда шұғыл түрде ота жасалуға тиіс. Ғабиден Әрінұлы осындай жан алып, жан берісken кездер мен небір ауыр күрделі операцияларды басынан аз өткерген жоқ. Сәтті өткеріп, қаншама сырқат жанның алғысын арқалады. Ол күнделікті қызметінде әр науқастың көңілін сұрап, тілін таба білуге тырысады. Бұл да дәрігер үшін таптырмас қасиет. Жанына дерт батқан адам бір ауыз жылы сөзге зәру. Жедел көмек көрсетумен қатар, науқасты операциядан кейінгі бақылау шараларының да ойдағыдай болуына ұдайы көңіл бөліп отырады. Ғабиден Аханов 2007 жылдан бері аурухана директорының хирургиялық қызмет жөніндегі орынбасары болып абыройлы қызмет атқарып келеді. Барлығы 6 хирург еңбек етеді. Бөлімше қазіргі заманның медициналық озық құрал-жабдықтарымен жеткілікті жарақтандырылған.



Заман үрдісінен қалыспай, білім мен біліктілікті жетілдіріп отыру да — уақыт талабы. Осыған орай, Ғабиден Әрінұлы жыл сайын арнайы курстарға барып біліктілігін жетілдірумен айналысуда. Санкт-Петербургте, Алматы мен Астанада, сондай-ақ, Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясы базасында өт жолдары мен бауыр, көкбауыр, ұйқы безі, қан-тамырлары, жалпы іш құрылысы аурулары мен іріңді дерт меңдеген жағдайда ота жасау мен емдеудің тәсілдеріне байланысты біліктілікті жетілдіру курсы мен семинарларына қатыса жүріп, күрделі операциялар жасауды өзінің күнделікті жұмысында қолдана білуде. Мамандығының қыр-сырын терең игерумен қатар осы сала бойынша ғылыми ізденіспен айналысып, өзіндік жаңалықтар ашуға да талпынып жүреді. Осыған байланысты еліміздің ірі қалаларында өткен ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарларға қатысып, арнайы сертификаттарға ие болды. Мәселен, Қарағандыда өткен бір ғылыми-тәжірибелік конференцияда Ғ.Ахановтың «Жезқазған ауруханасының онкохирургиялық бөлімшесінде обырды операциялық жолмен емдеудің нәтижелерін талдау» және «Жұқпалы аурулардың астарымен білінбейтін шиеленіскен соқыршектің диагностикасы» тақырыбындағы баяндамалары әріптестерінің аса қызығушылығын туғызған болатын.

Адамдарға екінші өмір сыйлайтын дәрігер-хирургтің ерекшелігі ерен. Бәле-жала аяқ астынан дегендейін, күнтүн демей хирургтің жедел көмегіне жүгінетін кез болып қалады. Жұмыстан тыс кезде де кәсіби бабында, сақадай сай жүру бұл саланың басты ерекшелігі. Ғабиден де тәуліктің кез-келген уақытында болып қалатын шұғыл шақыртуларға үнемі дайын жүруге дағдыланған. Негізгі қызметімен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысады. Қаладағы саяси-көпшілік шаралардан сырт қалған кезі жоқ. Отбасының береке-бірлігін ұйытуға да уақыт керек. Зайыбы Гүлсім Әбікенқызы гуманитарлық педагогикалық колледжде мұғалім болып істейді. Екеуі үш бала тәрбиелеп отыр. Үлкені Әлішер әке жолын қуып, дәрігер болғысы келеді. Қарағанды медициналық академиясының студенті. Одан кейінгі Дарын политехникалық университетте оқыса, Дәрия мектеп оқушысы.

Хирург – қастерлі де қасиетті мамандықтың бірі. Ал, оны шынайы сүйіп, қолға алған ісінің тереңіне қажыр-қайратымен бойлай білген жан айтарлықтай нәтижеге жетері анық. Ғабиден Аханов – осындай өз кәсібін жетік меңгерген білікті хирург. Оның лайықты еңбегі облыстық, аймақтық денсаулық сақтау басқармаларының Құрмет грамоталары мен басқа да марапаттары арқылы үнемі атап өтіліп жүр. Адам ажалына соқтыруы мүмкін оқыс жағдай мен қатерлі дерттен арашалап қалып, сырқат жанға және отбасына қуаныш сыйлаудан асқан бақыт жоқ деп санайды Ғабиден хирург.

**Амандық РАХҰЛЫ**
Суретті түсірген автор

# ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

**Қаланың орталық көшелерінің біріне орналасқан «Байменова» ЖШС отбасылық емдеу мекемесінің денсаулық сақшыларының тұрғындарға қалтқысыз медициналық қызмет көрсетіп келе жатқанына да ширек ғасырға жуық уақыт өтіпті. Ұжым мүшелері шипалы емімен жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленуде.**



– Алғашқысында отбасылық амбулатория ретінде құрылған біздің мекеме кейін «Байменова» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып, аты өзгергенімен, халыққа көрсетер қызметінің түрі де, оның сапасы да сақталып қалды. Керісінше, халыққа медициналық қызмет көрсетудің әлемдік стандартқа сай тың әдістерін, жаңартылған жүйелерін меңгеріп, күнделікті емдеу, сауықтыру процесіне енгізуде ұжым мүшелері үлкен ізденіспен еңбек етіп келеді, – дейді мекеме директоры Дина Мұхамеджанқызы Әбдіқайырова. Соңғы жылдары республика көлемінде кешенді медициналық-ақпараттық жүйенің енгізілгені белгілі. Бұл жаңашылдық дәрігерлердің жұмысын оңтайландырды. Атап айтқанда, қазір бұрынғыдай әр адамға жеке карта ашылмайды. Орталықтандырылған компьютерлік жүйеге емделушілердің барлық мағлұматты жинақталған. Мұның өзі емдеуші дәрігердің жұмысын біршама жеңілдететін тиімді әдіс екендігін байқатты. Сонымен қатар, «Damumed» жүйесінің де дәрігерлер мен тұрғындар арасындағы байланысты жетілдірудегі, көрсетілер қызмет сапасын жақсартудағы тиімділігі зор болып отыр. Әр адам смартфонына осы желіні енгізіп алса, емдеу мекемесіне келмей-ақ, дәрігердің қабылдауына жазылуына, өзінің денсаулығы жайлы мағлұмат алуына, емдеу мекемесінің басқа да қызмет түрін пайдалануға мүмкіндік алады.

Бүгінде қаламыздың 10000-нан астам тұрғынына қызмет көрсетіп отырған бұл ұжымның 51 медициналық қызметкері бар. Олар қаланың орталық көшелері Алашахан даңғылы, Анарқұлов, Деев көшелерін ғана қамтымайды, сонымен қатар, 9, 91, 79-орамдардан және экспедиция елді-мекенінен келіп, осы мекемеде емделуге ниет еткен барлық тұрғындарға тиесілі дәрігерлік көмегін көрсетеді. Амбулатория өздеріне бекітілген №4 орта мектеп оқушыларының да денсаулық жағдайын бақылауында ұстайды.

Жоғары санатты дәрігер Мейрамбек Хамзаұлы Әбілов, емдеуші-дәрігерлер Әлия Тоқтарқызы Мұрзатаева, Айнұр Аманжолқызы Аманжолова, Мәриям Ауданбайқызы Ахметжанова, Дана Имамбекқызы Жамбекова амбулатория ашылған күннен бастап табан аудармастан еңбек етіп келе жатқан аға медбибі Нұрғайша Қыстаубаева, физиоемдеу кабинетінің медбибісі Светлана Матухно, акушер Елена Мисюрина, егу-емдеу кабинетінің медбибісі Бақытжан Кусенова дертіне дауа іздеп келген сырқаттың сырын анықтап, тиісті ем-домын жасауда көп жылғы озық тәжірибелерін біліктілікпен іс жүзіне асырып, ұжым мерейін үстем етіп келеді. Білікті дәрігерлердің жастарға да үйретері мол. Тәжірибелі мамандар ұзақ жылғы еңбек жолында көңілге түйген-білгендерін жастарға дарытып, олардың да мықты маман болып шығуына өлшеусіз үлес қосуда.

– Ұжым қызметкерлерінің басым бөлігі – жастар, – дейді Дина Мұхамеджанқызы. Жезқазған медициналық колледжінен түлеген жастар бүгінде едәуір тәжірибе жинақтап, мықты маманға айналуда. Олардың қатарына фельдшерлер Сұңғат Қанай, Дархан Манат, Андрей Гольштейн, Гүлманат Зәмзә, медбибілер Назым Файзолла, Ақниет Шынқожаева, Айгүл Аманжолова, Ақбота Орынбаеваларды жатқызуға болады. Жас мамандар өздеріне жүктелген міндетке асқан жауапкершілікпен қарап, тиянақты атқаруының арқасында емделушілердің сеніміне ие болып келеді. Білмегендерін білікті мамандардан, апа-ағаларынан сұраудан жалықпайтын олар болашағынан мол үміт күттіреді.

Амбулатория заман талабына сай жетілдірілген медициналық құрал- жабдықтармен толық қамтамасыз етілгенін айтпай өтпеске болмас. Күндізгі уақытта ем-дом қабылдайтын палаталарда да барлық жағдай жасалған. Жақында осы палаталарды науқастар үшін қолайлы, жаңа үлгідегі кресло-кроваттармен жабдықтау жоспарланған. Кейбір созылмалы дерттердің асқынып кетуіне жол бермеу мақсатында тексеру-бақылау шараларын жүргізетін арнайы кабинет жұмыс істеп тұр. Жасы ұлғайған зейнеркерді жылма-жыл скринингтік тексеруден өткізу де жоспарлы түрде жүзеге асырылып отырады.



Ұжым басшысы емдеу мекемесі жұмысының алға басуына, емдеу шараларын жүзеге асыруда жоғарғы көрсеткіштерге жетуіне үлес қосып келе жатқан дәрігер әрі ішкі аудит маманы Бәтимаш Жылқыбайқызы Үсенова, сараптау-құжаттарды реттеу маманы Гүлнәр Аманжанқызы Мұхамбетжанова, медбибі Динара Әуелова, акушер Олеся Сувака, бас есепші Гүлнәр Тілеубердіқызы Төлегеноваларды есімдерін де құрметпен атады.

Бүгінде өздеріне бекітіліп берілген учаскелердегі тұрғындарды әртүрлі жұқпалы аурулардан алдын ала сақтандыру, егіп-емдеу шараларын жүргізу, ана мен баланың денсаулығын қадағалау, қарттарға қамқорлық жасау, саламатты өмір салтын қалыптастыру мақсатындағы шараларды ұйымдастыру сияқты сан салалы міндеттер мен жоспарлы жұмыстарын жүзеге асыруда мақсаткерлікпен алға қадам басып келе жатқан қаламыздағы белгілі емдеу мекемесі – «Байменова» ЖШС медицина қызметкерлерінің келешек күндерде жарқын істерімен жақсы жетістіктерге жетіп, қызметіне сай құрметке бөлене берерінe сенім мол.

**Сәуле НҮРЕКЕНОВА.**
*Суреттерде:*
«Байменова» ЖШС директоры Дина Мұхамеджанқызы Әбдіқайырова лездеме өткізуде.
Жоғары санатты дәрігер Мейрамбек Хамзаұлы Әбілов.

# «КЕҢГІРДЕ» – ЕМ АЛАСЫҢ әрі ДЕМАЛАСЫҢ

**Шипалы алақанымен талай өмірді арашалап жүрген ақ халаттылардың кәсіби мерекесі қарсаңында Жезқазған – Ұлытау аймағындағы бірден-бір сауықтыру кешені «Кеңгір» профилакториясының ұжымын атап кетпеске болмады. 1981 жылдың наурызында өз жұмысын бастаған сауықтыру мекемесін жылына мыңдаған тұрғынның дертіне шипа тауып, денсаулығының нығаюына үлес қосуда.**

2011 жылдың көктемінде жеке кәсіпкер Гаухар Биниязованың қарамағына өткен кешен 140 орынға шақталған. Мұнда келушілердің демалысы мен денсаулығын жақсартуға барлық мүмкіндіктер жасалғанын да байқадық. Кең әрі жарық жатын бөлмелері мен демалыс залы бар. «Ас – адамның арқауы» демекші, Ғалия Сәтбаева бастаған аспазшылар Гүля Қасымбекова мен Қалдыкүл Ережепова, Мұрат Бисамбаев күніне төрт мезгіл пайдалы әрі нәрлі, дәмді тағамдар ұсынады. Ал, кешеннің ем-дом көрсететін бөлімдеріне жеке-жеке тоқталар болсақ, мұнда сылап-сипау қызметімен қатар физиотерапиялық ем қабылдауға барлық мүмкіндік жасалған. Емделушілерді білікті де тәжірибелі дәрігер Ирина Танана қабылдап, әр дертке шипа болар ем тағайындайды. Айта кету керек, сауықтыру кешенінде жүздеген дертке қарсы ем бар. Жоғары қан қысымы мазалағандарға квант терапиясы көмекке келсе, жүрегі сыздағандарды оттегімен емдеу процедуралары қарастырылған.

– Бүгінгі таңда біздің аймақта тыныс алу мүшелерінің аурулары дендеп тұр.Мұрын, өкпе ауруына себепші болып отырғандардың көшін экологиялық ахуал бастап тұр. Сонымен қатар, Жезқазған мен Сәтбаев қаласы тұрғындарының басым көпшілігі өндірісте еңбек ететіні белгілі. Бұл да өз кезегінде адам денсаулығына әсер етпей қоймайтыны анық, – деп сауықтыру кешенін аралатқан бас медбибі Сәуле Жағыпарова оттегімен қоректендіру өкпе ауруларына таптырмас ем екенін жеткізді.

Халқымыз тұздың да емдік қасиеттері бары ертеден-ақ білген. Бүгінде оны бүкіл әлем медицинасы тиімді пайдалануда. Сауықтыру кешенінің екінші қабатында орналасқан тұз шахтасына бір сағат бойы тұзды ауамен демалуға еңкейген қариядан еңбектеген балаға дейін келеді. Енді тұзды шахтаның ағзаға әсер ету жолдарына тоқталар болсақ, аталған бөлменің емдік сипаты тыныс жолдарын техногендік және экологиялық сипаттағы қолайсыз әсерлерден қорғауға мүмкіндік береді. Оның өзіне сай құрамында натрий, калий, кальций, магний тұздарының ұсақ бөлігі бар ауасы келушілерге жағымды жағынан әсер етеді. Сондай-ақ, ол бөлмеде теріс аэроиондар бар. Бұл дегеніңіз жөтелгенде ішетін түрлі сұйық шәрбәттар мен тамаққа себетін дәрілердің құрамында кездесетін химиялық элементтердің табиғи түрімен тыныс ала бастайсыз. Мұндай аэрозоль және аэроиондармен тыныстау арқылы қақырық сұйылып, шығуы жылдамдайды. Оның үстіне бронх өткізгіштігінің әсері жақсарады. Бір сөзбен айтқанда өкпенің жұмысы жақсарып, тыныс алу жолдары түрлі дерттен сауыға бастайды. Тұзды бөлменің ауасын жұту арқылы өкпеге ғана емес, жүрек жұмысын да жақсарта аласыз. Үнемі соғып тұратын жүректің бұлшық ет екенін ескерсек, тұзды ауа жүректің жиырылу қызметінің артуына ықпал етеді. Осы арқылы артериялы гипертониямен (қан қысымы) ауыратындардың қысымы төмендейді. Тұзды шахтаның кереметі мұнымен бітпейді. Біле білсеңіз, бөлменің арнайы микроклиматы эндокринді жүйенің де жұмысын жақсартады. Ал, қалқанша безінің қалыпты жұмысы біздің көңіл-күйімізге тікелей әсер ететінін әркім де білер. Осы ретте кешендегі тұз ванналарының да алар орны ерекше. Қызметтің бұл түрі денсаулықты сауықтырып қана қоймай, келушілерге күш-қуат сыйлап, жүйке жүйелерін тыныштандырады. Сонымен қатар, «Кеңгір» сауықтыру кешенінде медбибі Гүлнұр Қасымова науқастарға фитотерапия емін жүргізеді. Науқастарға фитотерапияның үш түрі ұсынылады. Дәрілік шөптердің тұнбасын пайдалану арқылы науқастар асқазан-ішек жолдарын, өкпені тазалап, жүйке жүйесін қалыпқа келтіре алады. Тері ауруларының алдын алуға бастайтын шунгут тастары мен адамның сұлу қалпын сақтап, денсаулығына да оң әсер ететін фитобөшкелер, жарық ванналарын, сондай-ақ, су массажы мен шарко, циркуляциялық душты да осы мекемеден кездестіруге болады.



Бүгінгі таңда «Кеңгір» сауықтыру кешені аймақ тұрғындарынан бөлек «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС келісімі бойынша ардагерлер мен қазіргі қызметкерлеріне қызмет көрсетеді. Биыл ұзақ жылдар бойы өндірісте еңбек еткен 300 ардагер сауықтыру кешенінде 10 күн бойы ем алу мүмкіндігіне ие болған. Оларға «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесінен жеңілдіктер қарастырылған.

Қырық жылға жуық тарихы бар сауықтыру кешенінің ұжымы күні бүгінге дейін халықтың ықыласына бөленіп, алғысын арқалауда. Әрине, бұл қызметкерлердің өз ісіне деген адалдығы мен біліктілігінің арқасында. Осы ретте, келушілерге сапалы медициналық қызмет ұсынып қана қоймай, жылы қабақ танытып, науқастардың көңілін таба білетін массаж мамандары Бейсенкүл Қасымова мен Гүлнәр Әлиақпарованы, фитотерапияның маманы Гүлнұр Қасымованы, фитобөшке қызметін ұсынатын Шырын Уалинованы, тоқпен емін жүргізетін Айгүл Стамқұлова мен Жанар Бекназарды, озокирит емінің медбибісі Гүлнәз Тілеуқабылованы атап өтпеске болмас. Олар ақ халатты абзал жандар деген атаққа әбден лайық.

Басты байлық денсаулық дей тұрғанмен, бүгінгі таңда денсаулығы сыр берсе-дағы оған көңіл бөлуге асықпайтындар да бар. «Денсаулық – бізге берілген аманат» деген сауықтыру кешенінің мамандары тұрғындар жылына бір мәрте медициналық тексерістен өтіп, өзін сауықтыруға бет бұрса игі деп отыр. Халық денсаулығына алаңдап, жанашырлық танытқан мейірімді мамандық иелерін, оның ішінде «Кеңгір» сауықтыру кешенінің ұжымын кәсіби мерекемен құттықтап, қызығы мен шыжығы қатар жүретін дәрігерлік іске береке тілейміз!

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН ЖАС



Қазіргі қоғамда дәрігерлер мен отандық медицинаға қатысты көп сын айтылатыны жасырын емес. Бірі ақ халаттылардың жауапкершілігіне, енді бірі оның біліктілігіне күмән келтіріп, тіпті кейбірі жеке басынан кемшілік іздеп жатады. Осының бәріне қарамастан дәрігерлік жолды жүрек қалауымен таңдаған адал мамандар өзінің сүйікті ісін атқарып, адам жанының арашасы болудан қашпаған. Бүгінде машақаты көп болса да, мейірімді мамандықты таңдауға жастардың аңсары ауып, батылы жететіні үлкен қуаныш. Өйткені, онсызда кадрлық тапшылық сезілетін медицина саласында алдыңғы толқын дәрігерлердің ізін басып, ісін жалғайтын ұрпақ керек-ақ.

Қыз бала анасына қарап бой түзейтіні қашаннан белгілі. Жадыра Еркеғалиқызы Таңқауова да анасына еліктеп, ақ халатты таңдады. Қазір құрметті еңбек демалысына шыққан Қарлығаш Жәнібекқызы саналы ғұмырын Жезқазған кентіндегі облыстық аурухананың урология бөлімінде медбибілік қызметке арнады.

– Мен үйдің кенжесімін. Анам мені өзімен жиі жұмысына ертетін. Сонда бөлімдегі дәрігерлер мен медбибілердің жүріс-тұрысын бақылап, олардың өзін-өзі ұстауы мен сөйлеу мәнеріне тамсанатынмын. Аппақ халаттары да көрген көзге ерекше қуаныш сыйлайтын, – деп әңгімесін бастаған Жадыра Еркеғалиқызы кеншілер қаласындағы С.Сейфуллин атындағы гимназияны бітірісімен, Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясын бетке алады. Оның бұл шешімін бірауыздан құптаған ата-анасы мен аға-апалары Жадыраға қолдау білдіреді. Өзінің талпынысы мен жақындарының жанашырлығының арқасында жеті жылдық оқуды ойдағыдай тәмамдап, акушер-гинеколог атанады. Қолына дипломын ала сала жас маман еңбек жолын Теміртау қалалық перзентханасынан бастады. Тәжірибелі әрі білікті дәрігерлердің алдын көріп, олардан үйренуден талмаған Жадыра аз-кем уақыттың ішінде, нақтылап айтқанда небәрі он бір айдың ішінде ширап, өз ісіне төселіп алды. Операцияларға қатысып, әйелдердің денсаулығын дұрыс бағдарлай білді. Білімі мен біліктілігі толысып, таптырмас маманға айналған Жадыра Еркеғалиқызы 2012 жылы тұрмысқа шығып, еңбегін туған жерінде жалғай түсті.

Бүгінде Айкүнім мен Нұраят есімді қос қарлығаштың анасы атанып үлгерген ол жұмысын алдыңғы қатарға қояды. Өйткені, ұлт болашағының саулығы асқан жауапкершілікті талап етеді. Ана мен бала денсаулығы күзетінде тұрғандардың тапшылығына байланысты Жадыра он бір айлық қызын қайынапасының қарамағына қалдырып, күн-түн демей, ана мен бала өмірін аман алып қалуға араласып жүр.

– Әйелдердің басты міндеті – отбасының берекесін бекемдеп, дүниеге ұрпақ әкелу. Сондықтан, ана атануды ойлаған әр әйел өз денсаулығына баса назар аударса дейміз. Өйткені, олар бір емес екі адамның өміріне жауапты, – деген жас маман қазір жүкті келіншектер арасында бүйрек аурулары мен қан аздық, жоғары қын қысымы секілді дерттердің көп екенін жасырмады.

«Жас келсе іске» демекші, жас дәрігер Жадыра Таңқауованың айтқан әрбір сөзінен, әрбір ісінен мамандығына деген үлкен жауапкершілік, құрмет, адалдық байқалады. Күн сайын кем дегенде 6-7 жаңа өмірдің басталғанының куәгері атанып жүрген ол кәсіби тереңдігімен, пейілінің кеңдігімен жөн сілтеген ұстаздары Ғайнура Мағзұмқызына, Ақерке Әбдірәшімқызы мен Анар Әшімбекқызына, сондай-ақ, Жанар Балкенқызы мен Бақытжан Рақымжанқызына алғыс білдіреді. Олардың мол тәжірибесі мен еңбек жолын әріптестері мен қатарластары жарыса мақтанышпен айтса, жастар жағы үлгі алуда. Акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетіп қана қоймай,күрделі де, қауіпті науқастары бар әйелдердің ана атанып, бала сүюіне мүмкіндік беретін және үміт отын тұтатып, қанша отбасын бақытқа бөлеген бұл ақ халаттылардың еңбегі бас июге тұрарлық.

Жас дәрігер шипалы қолынан дауа іздегендердің жанынан табылып, жылы сөзбен демеуден қажымаған. Ана мен бала саулығын тілеп, олардың өмірін аман-есен сақтап қалуға барын салып жүргенінің арқасында көптің алғыс-ризашылығына бөленуде. Бар күш-жігерін өз ісіне адалдықпен жұмсаған абзал жан әріптестері арасында да өте сыйлы.

Адамзат баласына ұрпақ сыйлар ұлы құдірет иесінің есімі – әрқашанда қастерлі, сөзі – өсиет, тұғыры – биік болмақ. Ендеше, өмірін өзгенің бесігін іңгәға, жүрегін балаға деген махаббатқа толтыра білген жас Жадыра Таңқауова алдағы күндері де білімін тәжірибемен ұштастыра отырып, қиындығы мен жауапкершілігі зор қызметін абыроймен атқаратынына сенім мол. Ал, біз өз кезегімізде бір бойына білім, біліктілік, мейірім, еңбек пен адалдықты сыйдырған, атына заты сай Жадыра Еркеғалиқызына сәттілік серік болсын дейміз.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ ДАМЫТУДЫҢ ҚИЫН ЖОЛДАРЫ

Біздің күнделікті күйбең тіршілігіміз қиындыққа толы. Бала-шағаның кішкентай кезіндегі жауапкершілік жүгі толығымен ата-анасына жүктеледі. Есейе келе, адам өз өмірі мен өз отбасының өмірін басқару жауапкершілігін түсініп, түйсіне бастайды. Бұл – қиындығы басым міндет болғанымен қызығы да баршылық. Өйткені, адам өз болашағын өзі қалыптастырады және оның өмір сүру сапасы өзі қабылдаған шешімдеріне тікелей байланысты болмақ.

Адам баласы сияқты мемлекет те өзінің қалыптасу жолынан өтеді. Бастапқы кезеңде мемлекет барынша ықпал ете алғанымен, шектен тыс орталықтандыру елдің дамуын тежейтін кезең де келіп жетеді. Сонда азаматтардың позитивті белсенділігі, оларды өз үйін, шаруашылығының, ауылдық округін басқаруға тарту қажеттігін түсіне бастайсың.

Мұндай мүмкіндік бізде бар және ол заңды түрде ресімделген. Жергілікті өзін-өзі басқару процесіне қатысу арқылы азаматтар өз ауылының, қаласының дамуына ықпал ету мүмкіндігіне ие болады. Бірақ мұндай мүмкіндіктің болуы бір бөлек те, оны іске асыру бір бөлек. Қоғамның белсенді қатысуынсыз жергілікті өзін-өзі басқару – тек фикция. Мұндай игі іске қоғамды қатыстыру біршама уақыт пен күш-жігерді қажет етеді. Алайда, тиімді басқару нәтижелі болып, өмір сүру сапасы арта бастағанда, осынау игі істерге қосқан өз үлесін үшін мақтаныш сезімі оянып, бұл салаға деген қызығушылықтың арта түсетіні анық.

Қоғамды жергілікті өзін-өзі басқару процесіне қатысуға мәжбүрлеуге болмайды. Бұл істі ынталандырудың түрлі нысандарын бірте-бірте пайдалану, түсіндірме жұмыстарын жүргізу, қоғамның мойындауымен уәждеу қажет. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қазақстандық үлгісін қалыптастыру кезінде шетелдік тәжірибеге сүйеніп қана қоймай, еліміздің тарихын да ескеру қажет.

Ұлы дала аумағындағы жергілікті өзін-өзі басқару тарихы көптеген ғасырларға созылып жатыр және рулық-тайпалық қоғамдастық дәуірден бастау алады. Ру старшындары мен тайпа көсемдері құрылтайларда және көшпенділердің жиындарында сайланатын болған. Сайланғаннан кейін оларға даулы мәселелерді шешуге, әскери бөлімшелерді басқару өкілеттіктері берілген. Рулық қауымдар ауқымды автономияға иелік етіп, жергілікті, тіпті саяси проблемаларды шешуде көп ықпал етіп отырған.

Қазақстандағы өзін-өзі басқаруды дамытудың заманауи кезеңі жайында айтар болсақ, әдетте бұл кезеңді ел егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болып жарияланған күнінен бастаймыз.

Реформалар басталған кезде жеке меншік: жалпыодақтық, республикалық және коммуналдық (жергілікті) болып үш түрде қолданылды. Әкімшілік-аумақтық бірлік коммуналдық меншік субъектісіне жатқызылды, сайланған жергілікті кеңестер тұрғындардың атынан мүлікке иелік етіп, оны пайдалана алды.

1991 жылғы ақпанда «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» Қазақ ССР заңы қабылданды. Мұнда жергілікті кеңестердің жеке материалдық және қаржылық базасы мен өкілетті органдардың үстемдігі қағидаты бекітілді. Жергілікті кеңестің төрағасы бір мезгілде Атқарушы комитеттің төрағасы болып сайланды.

Келесі кезең 1992 жылғы қаңтарда «өкілетті органдардың үстемдігі» қағидаты «өкілетті және атқарушы-басқарушы органдардың функциялары мен өкілеттіктерінің аражігін ажырату» қағидатына ауыстырылды. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөлі жоққа шығарылмай, Қазақстан Республикасының Президентіне, немесе облыстық әкімшіліктің басшысына есеп беретін жергілікті әкімшілік басшыларының институты енгізілді.

1992 жылғы ақпанда ҚР Президентінің «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» Жарлығына қол қойылды. Мұнда тұңғыш рет Қазақстан Республикасының Президентінен бастап жергілікті әкімшіліктің басшыларына дейінгі барлық атқарушы-басқарушы органдардың бірыңғай жүйесі бекітілді. Жергілікті әкімшілік басшыларының институты енгізілгеннен кейін атқарушы биліктің сатылас жүйесі қалпына келтірілді, алайда жергілікті өкілетті органдарды бұрынғысынша Кеңестер түрінде қалды. Бұл ретте, әкімшілік органдар билікке толық дерлік ие болды, ал нақты функциялардың жоқтығына байланысты өкілді органдардың рөлі жергілікті мемлекеттік басқару тетігінде маңыздылығы аз болды.

1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған тұңғыш Қазақстан Республикасы Конституциясында жергілікті өзін-өзі басқару дейтін қоғамның демократиялық институты мүлдем қарастырылмаған. Алайда, жергілікті жерлерде көптеген аумақтық қоғамдастықтарда қоғамдық өзін-өзі басқару комитеттері (КОС), көше, үй және орамдық комитеттер құрылды.

Өткен жылдары орын алған билікті күшті орталықтандыру ісі өз-өзін ақтады, өйткені негізгі басымды міндеттер – мемлекет құру, ел егемендігін нығайту және салдары ретінде мемлекеттік басқару жүйесін орталықтандыруды заң тұрғысынан бекіту болды. Алайда, қазіргі кезеңде билікті шектен тыс орталықтандыру еліміздің дамуын тежей бастады.

1995 жылғы тамызда қазіргі қолданыстағы Конституция қабылданды. Онда бізде «жергілікті өзін-өзі басқару танылады» және «жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ, ол халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қалалық және ауылдық қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады» делінген.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құру жөніндегі келесі қадам 2007 жылғы 21 мамырда жасалды, ол кезде қолданыстағы Конституцияға өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын болды, сондай-ақ, жергілікті қауымдостықтардың органдарына мемлекеттік функцияларды беру мүмкіндігі бекітілді.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізі – Конституция, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң және ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы болып табылады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР заңына жергілікті өзін-өзі басқаруға азаматтардың қатысуын реттейтін толықтырулар енгізілді. Қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасу процесін түйіндей қойған жоқ. Керісінше, бұл процесс дамудың бастапқы сатысында десек те болады.

Осы орайда, Қазақстан үшін жергілікті өзін-өзі басқарудың ТМД және Шығыс Еуропа елдеріндегі қалыптасу тәжірибесі қызығушылық тудырып отыр.

Мысалы, Польшаның заң шығарушылары 1990 жылдың өзінде ұлттық актілерінде жергілікті өзін-өзі басқару жөніндегі Еуропалық хартияның негізгі тәртібін бекітті. 1990 жылғы қаңтардан бастап Польшада жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң күшіне енді, оған сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару азаматтардың құқығына басымдық бере отырып, субсидиарлық қағидат негізінде жүзеге асырылуы қажет. Жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудың базалық негізі ретінде гмина (қауым) сайланды. Жергілікті қоғамдастықтың басқарушылық қызметі жергілікті гминдік (жергілікті) өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады: олардың негізгі міндеті дәл Польшадағы мемлекеттік билік органдары сияқты – тұрғындарға қызмет көрсету.

Өзін-өзі басқару ісі Польшаның дамуында үлкен рөл атқарды. Жергілікті тұрғындардың белсенділігінің арқасында Польша елеулі өзгерді. Егер барлығы орталықтан ғана басқарылып келген болса, ел дамуында ілгерілеу мүмкін болмас еді. Реформаның арқасында өз гминдары мен поветаларын басқаруға қабілетті жергілікті әкімшілер қоғамдастығы пайда болды. Сарапшылардың пікірінше, өзін-өзі басқару ісін қайта жаңғырту Польшадағы неғұрлым сәтті реформалардың бірі болды.

Франциядағы жергілікті өзін-өзі басқару ісі де мемлекеттік құрылыстың қазақстандық моделін талқылау барысында қарастырылды. Франция өзінің әкімшілік бөлінісі бойынша барлық Европа мемлекеттері арасындағы ең «бытыраңқысы» болып саналады. Бұл елде 36 мыңнан астам коммуна (елді-мекендер) бар, ал олардың үштен бірінде 200-ге жетер-жетпес тұрғын тұрады. Француз коммуналарын ірілендіру реформасы жүз жылдан астам уақыт бойы түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылып келді.

Ірілендіру тәжірибесінің позитивті де, сол сияқты теріс жағы бар. Муниципалитеттерді күштеп біріктіру сәтсіз аяқталды. Муниципалитеттерді ерікті түрде біріктіру кезінде табысқа қол жеткізілді. Біріктіру жоғарғы жақтың бастамасы болғанымен, бұл шаруа тарихи қалыптасқан кооперациялар, зерттеулер мен күрделі түсіндіру жұмыстары ескеріле отырып, атқарылды.

Әкімшілік-аумақтық бірліктерді біріктіруді іске асыру стратегиясы ойластырылған кезде экономикалық өсудің «полюсын» құруға, өңіраралық салыстырмалы түрде әлеуметтік кереғарлықты жоюға, жеке алынған өңірде және жалпы елдегі қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыруға ықпал етеді.

Бұл жүйе жұмыс істеуі үшін жай ғана заңдарды өзгерту жеткіліксіз. Өйткені, заң шығарушы адамдар, мекемелер мен өзін-өзі басқару органдары әрекет ететін заңдық шеңбер ғана сызады. Егер адамдар реформаның мәнін түсінбейтін болса, заң басқа мазмұнмен толтырылады не мүлдем қолданылмайды. Реформалар кезінде қоғамның оны түсінуінде үлкен проблемалар бар. Заңға қарағанда адамдардың менталитеті айтарлықтай баяу өзгереді. Осының өзі заңнамалық өзгерістер мен азаматтардың іс-қимылдарының өзгерісін үйлестіру проблемасын білдіреді. Егер заң баяу өзгеретін болса, онда қоғам өкілдері қанағатсыздық танытуы мүмкін, өйткені, әрекет ете алмай қалады. Ал егер өзгерістер жылдам жүріп жатса, адамдар заңның мәнін түсінбейді және заң жұмыс істемейді.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі әрқайсысының өз міндеті шешіліп отыратын кезең-кезеңмен жүзеге асатынын халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр. Әр кезеңнің ұзақтығы қоғамның болып жатқан өзгерістердің мәнін түсініп, оған бейімделуіне жеткілікті болуы тиіс. Әр елдің жергілікті өзін өзі басқару жүйесі жергілікті ерекшеліктер ескеріле отырып, жүргізілген көптеген реформалардың нәтижесі болып табылады, сондықтан тіпті ең үздік деген шетелдік тәжірибенің өзі Қазақстанның жағдайына оп-оңай көшіруге келмейді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту процесі заңнамалық базаны өзгертуді ғана емес, сол сияқты жергілікті қоғамдастықтың азаматтық белсенділігінің өсуін болжайды. Алайда, жергілікті қоғамдастың жиналыстары мен олармен жұмыс істейтін ауыл әкімдері аппаратының мамандары үшін ұйымдастырылатын семинарлардың нәтижесі халықтың белсенділігі төмен деңгейде қалып отырғанын көрсетіп отыр. Пассивтілік бүгінгі азаматтық институттардың – жергілікті қоғамдастық жиналыстарының, бюджет қаражатының шығыстарына жүргізілетін мониторингтің, жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері жұмысының тиімсіздігіне әкеледі.

Қолданыстағы заңнама шеңберінде ауыл әкімі жергілікті деңгейдегі мәселелердің шешімі туралы есеп беруге, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын даярлап, бекітуге ұсынуға, олар қабылдайтын шешімдерді түсіндіруге міндетті.

Жергілікті қоғамдастықтың жиыны жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың құрамын, басым міндеттерін және оларды іске асыру мерзімдерін айқындайды, сондай-ақ, аудан мәслихатына жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы жергілікті бюджеттік бағдарламаларды талқылау, жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалану, сатып алынған мүлікті иеліктен шығаруды келісу, қажет болған кезде әкімді қызметінен босату туралы мәселеге бастамашылық жасау өкілеттігі болуы тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың белсенді және пассивті түрін пәтер иелерінің кооперативі (ПИК) мысалында қарастыруға болады.

ПИК қызметіне қатысу азаматтарға басқарудың практикалық тәжірибесін алуға бірегей мүмкіндік және пассивтілік тыныштық кепілі емес, керісінше, қажетсіз нәтижелерге әкелуі мүмкін түсінігін береді. ПИК-те ғана азаматтық қоғамның табысты дамуына қажетті:

– пікірталасты тең дәрежеде жүргізу;

– қажеттіліктер мен мүмкіндіктердің теңгерімділігіне қол жеткізуге;

– қоғамдық бақылауды ұйымдастыруға және басқа дағдылануға болады.

Сондықтан біз ПИК азаматтарды жергілікті басқарушылық шешімдерін қабылдау процесіне тиімді қатысуға дайындайтын мектеп атай аламыз.

Азаматтардың пассивтілігінің себебі неде? Бұның ішінде ең негізгісі ретінде мыналарды айқындауға болатын шығар:

– күш-жігердің шешім қабылдау процесіне әсер ету мүмкіндігіне сенбеу.

– басқаруға қатысудың іс жүзінде тәжірибесінің болмауы.

– қажетті білімнің жоқтығы.

Білместікті біліммен жеңуге болады, тәжірибе жұмыс барысында жинақталады, сенімсіздікті сәтті қызмет ету мысалдарымен жеңуге болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару өзінің табиғатына қарай тұрғындарға ең жақын болып табылады. Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға белсенді қатысуы әкімдердің шешімдерін қабылдау процесінің ашықтығына, жергілікті маңызы бар мәселелерді тиімді шешуге, өмір сүру сапасын жақсартуға, ауылдар мен қалалардың өркендеуіне әкеледі.

Еліміздің тұрақты дамуы әрқайсымызға байланысты.

**Қазақстан Республикасы**
**Ұлттық экономика министрлігінің**
**өңірлерді талдау және**
**бағалау департаменті**

# БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ КҮЗЕТІНДЕ

**Біз, қазақ халқы тілінің улығанын – ашудаспен, басының ауырғанынын – балмен, тұмауын – адыраспанмен, салқынын – қойдың майымен оп-оңай-ақ емдеп алатын, табиғат-анамен егіз жаратылған білгір халықпыз. Уақыт өте келе кезіндегі емші-балгерлер, бақсы-шамандар «ақ халатты абзал жан» деген атауға ие дәрігерлермен орын алмасты. Батпандап кіріп, мысқылдап шығатын ауруға сәл бой алдырсақ, осынау ақ халаттылардан тәнімізге саулық, жанымызға дәру іздейтін болдық. Адам баласына қымбат басты байлық денсаулықты түзетіп, емделушілерге сапалы қызмет көрсетіп жүрген білікті дәрігерлер біздің қаламызда да аз емес. Солардың бірі Жезқазған қалалық көпсалалы ауруханасының балалар ота бөлімшесінің бөлім меңгерушісі – Данияр Сламбекұлы АМАНОВ. 40 жас мерейтойы дәрігерлер мерекесімен тұспа-тұс келіп отырған балалар дәрігерінен арнайы сұхбат алғанды жөн көрдік.**

***– Данияр Сламбекұлы, дәрігерлік мамандықты таңдауыңызға не себеп болды ?***

– Біз оқу бітірген жылдары алдымызда қазіргідей көп таңдау болмайтын. Мен бала күнімнен адамдарды емдеуге қызығатынмын. Уақыт өте келе сол қызығушылық арманға айналды. Дәрігерлік жолды таңдауыма ағам Жұмаш Амановтың да әсері болды. Ол аймаққа танымал онколог еді. Жас күнімнен дәрігерлік адал, ізгі мамандық болып көрінетін. Сол себепті де мен ақ халатты атануға бел будым. №8 гимназияны бітірген соң медициналық колледжге оқуға түстім. Оны қызыл дипломмен аяқтап, Қарағанды медициналық академиясының II курсына қабылдандым. Диплом алған соң бірден Жезқазған қаласының көпсалалы ауруханасына жұмысқа орналастым.



***– Таңдаған жарыңыз да балалар дәрігер екен. Балаларыңыздың дәрігер болғанын қалайсыз ба?***

– Мен олардың өз қалауларына салғанды жөн санаймын. Қазіргі таңда дәрігер мамандығына көп көңіл бөлінбейді, халықтың да көзқарасы өзгерген. Сол себепті де дәрігерлік оңай шаруа емес. Дәрігерге адам өмірі тәуелді болғандықтан, қиыншылық кездеспеуі мүмкін емес. Ал қыздарым жүрекпен қалап, дәрігер болам деп жатса, еш қарсылығым жоқ.

***– Сіздің алдыңыздан күніне қанша бала ем алады ?***

– Күніне 20-30 бала қараймын, 2-3 ота жасаймын.

**– Алдыңызға түрлі мінездегі балалар келеді. Олармен қалай тіл табысасыз?**

– Балалар дәрігері психологтің де қызметін атқарады. Баламен баланың тілінде сөйлесу керек. Олардың сабақтарын, бағаларын сұраймын. Оларды сүйікті ойыншықтары, ертегілері, мультфильм кейіпкерлері туралы, балабақшасы, достары туралы сұрап әңгімеге тартамын. Бала ашылған соң қорқынышы сейіліп, дәрігерге сенуге болатынын түсінеді.

***– Өмірлік ұстанымыңыз қандай ?***

– Адал еңбекпен өз ісімнің нағыз майталманы атанған ардагер дәрігерлердің қатарынан табылғым келеді. Барлық адамнан алғыс алу мүмкін емес, бірақ еңбегіне ақы талап ету, адамдарды алалап, бөліп емдеу – мүлде теріс дүние. Еңбек өтеусіз қалмайды, біреудің болмаса біреудің батасы қабыл болатыны анық. Сондықтан, мен таңдаған ісіме адал әрі аянбай қызмет етуге тырысамын.

***– Уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рахмет!***

*Сұхбаттасқан* **Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## «ЖСЖК» АҚ ХАБАРЛАЙДЫ

«Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ Әкімшілігі Жезқазған қаласының, Қостанкелды, Бекболатсай, Талап елді-мекенінің тұрғындарына, сонымен қатар өнеркісіптік кәсіпорындары мен мекемелердің басшыларына, жеке кәсіпкерлерге **2019 жылы 19 маусым 14.00 сағаттан бастап 20 маусым 12.00 сағатқа** дейін шаруашылық ауызсу құбырлары жүйелерінің хлорлауы жүргізілетіні туралы хабарлайды.

Қала және елді-мекен тұрғындарын, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын қажетті су қорын жинап алуларын сұраймыз.

## АО «ПТВС» СООБЩАЕТ

Администрация АО «Предприятие Тепловодоснабжения» доводит до сведения жителей г. Жезказгана поселков Костанкелды, Бекболатсай, Талап, а так же руководителей промышленных предприятий и организаций, частных предпринимателей о том, что **с 14:00 19 июня до 12:00 20 июня** будет проводиться хлорирование сетей хозпитьевого водопровода. Жителям города и поселков, руководителям предприятий и организаций просим сделать необходимый запас воды.

## ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң жобалау бастамасы шеңберінде қазіргі уақытта «сұр тәрелке» ретінде белгілі болған лицензияланбаған дара спутниктік қабылдау құрылғыларын тарату үшін жауапкершілікті белгіленген.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 28 желтоқсандағы Заңның аясында сұр тәрелкелерді таратуға тыйым салынды. Шетелдік спутниктік операторлардың заңнама талаптарын орындамай, елдің ақпараттық кеңістігін реттейтін құқықтық алаңнан тыс жұмыс жүргізетіндігін хабарлай отырып, сұр тәрелкелерді тарату әкімшілік құқық бұзушылық болып табылатынын ескертеміз.

**ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі**

---

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті 2019 жылдың **19 маусымында сағат 10:00-де Жезқазған қаласы Алаш көшесі 1** (10 қабат, үлкен зал) мекенжайы бойынша орналасқан Жезқазған қаласы әкімдігінің ғимаратында ҚР ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылдың 1 ақпандағы бұйрығымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар нарықтағы баға белгілеу ережесіне сәйкес «ЖезказаганЭнергосбыт» ЖШС ағымдағы бағаның шектелуін келісу жөніндегі хабарламасын қарастыру мақсатында қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

## БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ АТА-АНА ҚОЛЫНДА!

Балалардың бос уақытын тиімді, қауіпсіз пайдалануы Сіздің назарыңызда болуы қажет. Өміріне қауіп туғызатын, су, от, электр сияқты жерлерге ересектерсіз бармауға ықпал етуіңіз қажет .

– жағажайда балалардың ересектерсіз шомылуы;

– олардың қараусыз қалуы;

– жол қауіпсіздігі ережелерін сақтамауы;

– жоғарғы кернеулі электр тарату жүйелерінің, трансформаторлардың, су құбырлары кәріздерінің маңында ойнауы;

Осындай және басқа да, балалар мен жасөспірімдердің өмірінің кездейсоқ қиылуына, дене зақымын алуы фактілерінің алдын алу үшін балаларыңыздың бос уақытын өткізуін қадағалауларыңызды сұраймыз!.

**Жезқазған қаласы әкімдігі жанындағы**
**кәмелетке толмағандардың істері және**
**олардың құқықтарын қорғау комиссиясы**

# МЕМЛЕКЕТТІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫН ЖАҢҒЫРТУ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ



Қазақстанда мемлекеттік органдарды жемқор шенеуніктерден түпкілікті тазарту жалғасуда. Бұл тұрғыда көзге көрінетін нәтижелер болуда. Сонымен, жаһандық бәсекеге қабілеттілік бойынша жылнамаларәзірлеумен айналысатын швейцариялық Халықаралық менеджментті дамыту институтының деректері бойынша 2019 жылы Қазақстан «Парақорлық және сыбайлас жемқорлық» көрсеткіші бойынша бүтіндей 10 тармақ бойынша позициясын жақсартты, Оңтүстік Корея, Израиль, Испания және басқа да елдерді басып озып, 29-орынға ие болды. Одан басқа, саяси тәуекелдерді зерттеумен айналысатын американдық PRS Group ұйымының деректері бойынша Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл көрсеткіші бойынша небәрі бір жарым жыл ішінде өз көрсеткіштерін екі есеге жақсартты.

Соңғы екі жылда сыбайлас жемқорлық қылмыстары 23 пайызға аз тіркелді. Бұл беталыс 17 пайызға қысқарған тәртіптік құқық бұзушылықтарға да тән.

Жоғары жасырындылық деңгейімен ерекшеленген сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтауда, жолын кесуде және ашуда 2015 жылы құрылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюрсына басты рөл тиесілі болды. Біз барлығынасыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтіңмемлекет атынансыбайлас жемқорлық қылмыстарын, оларды жасаған адамдарға қарамастан, дәйекті түрде анықтап, жолын қатаң түрдекесетіндігін анық түсіндірдік. Бұл Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте ешкімге ешқандай аяушылық болмайды деген тікелей нұсқады.

### *Күштеу тәсілдеріне үміттенбеу*

Сонымен қатар, біз сыбайлас жемқорлықты құқық қорғау қызметі шеңберінде тек репрессивті әдістермен жоюға үміт артып отырған жоқпыз.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, тек ғана күштеу шаралары жеткіліксіз болады. Себебі, сыбайлас жемқорлық – бұл тек қылмыстық кодекстің нақты нормасымен қылмыстың жеке құрамы ретінде сараланатын қылмыстық-құқықтық феномен ғана емес. Мұндай тәсіл өте қарапайым болған болар еді. Сыбайлас жемқорлықты, бірінші кезекте, көп құрылымды және көп деңгейлі мазмұны бар әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру қажет. Дәл осындай ұстаным тұрғысынан осы құбылысты жоюда бірқатар жетістіктерге жеткен мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын қалыптастырдық.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы оң өзгерістер мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын бүтіндей жаңғырту және азаматтық қоғам институттарының оны іске асырудағы рөлін арттыру нәтижесінде болды. Елбасы бастамасымен әзірленген және қабылданған екі құжат бұл тұрғыда шешуші рөл атқарды. ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы және мемлекеттік басқару саласындағы түбегейлі өзгерту көзделген, кәсіби, сыбайлас жемқорлыққа қатысты таза мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға бағытталған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары туралы сөз болып отыр.

### *Жоғары стандарттарға көшу*

Ұлт Жоспарын орындау біздің еліміздің заманауи сын-қатерлер мен қауіп-қатерлерге жауап беретін дамудың жаңа моделіне көшуінің маңызды шарты болып табылатындықтан, осы құжат шеңберінде жасалған істерден бастайын.Өткен үш жарым жыл ішінде мемлекеттік аппарат реформасының мазмұнын түбегейлі өзгертетін институционалдық реформалардың бірінші блогының 15 қадамының 12-сі толықтай іске асырылды.Салалық жаңа заңды қабылдау және меритократия қағидатын енгізу жөніндегі шаралар мемлекеттік қызметтің мансаптық модельге көшуін жүзеге асыруға мүмкіндік берді.ЭЫДҰ-ның 2017 жылғы есебінде Қазақстанның мемлекеттік қызметінің кәсіби-стратегиялық деп танылуы кездейсоқ емес.

Құнды кадрларды бағалай отырып, өзгелерін қалай ынталандыруға болады?

Осы құжатта мемлекеттік сектордағы қызметті тиімді басқарудың жаңа жүйесі, оның ішінде материалдық ынталандыру тетігін пайдалану оң баға алды.Өздеріңізге белгілі болғандай, Қазақстанда алты мемлекеттік органның базасында сынама жүзеге асырылды, оның барысында басқару құрылымдарын оңтайландыру және әкімшілік шығындарды қысқарту есебінен қызметшілердің еңбекақысы екі есеге артты. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігіне, орындайтын жұмысының сипатына, көлеміне және нәтижелеріне қарай бонустар төлеуді көздейтін еңбекақы төлеудің жаңа жүйесіне көшу төмен еңбекақы мәселесін шешуге және құнды кадрларды ұстауға мүмкіндік береді. Бұл мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлық жағдайын жақсарту үшін де қажет, өйткені жоғары еңбек ақы төленетін және ынталандырылған маман, әдетте, заңмен және ар-ожданмен қақтығысқа өте сирек түседі.

Жергілікті атқарушы органдардың көбісі қосымша қаржыландыру көздерін қарастырды және Ұлт Жоспарында көрініс тапқан осындай маңызды бастаманы қолдауға дайын. Сондай-ақ, орталық мемлекеттік органдар ақталмаған баяулық танытуда. Бүгінгі күні осыған ұқсас жұмысты Білім және ғылым, сондай-ақ Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде ғана жүргізілді.

***

Жоғары әдеп стандарттарын жүйелі түрде енгізу мемлекеттік аппараттың ұйымдастырушылық мәдениетін одан әрі трансформациялауға ықпал ететіндігі сөзсіз. Стандарттарын өзімізге енгізуге тырысатын ЭЫДҰ елдерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда әдептілік қағидаттарын мүлтіксіз сақтау басым рөл атқарады.

Этикалық кодексті бұзу мемлекеттік қызмет саласындағы оң өзгерістердің деңгейін төмендетеді. Біз лауазымды адамдар көрсететін, қызметтен тыс мінез-құлыққа нұқсан келтіретін дөрекілік пен төрешілдікті жою үшін әлі де көп жұмыс атқаруымыз керек. Алым-салық, дастархан жаю және тарту жасау қоса жүретін тамыр жайған, төмен құрылымдарды жаппай тексерулер тәжірибесі ерекше алаңдаушылық тудырады.Көп жағдайларда мемлекет қаражатын жұмсамай және қол астындағылардың қалталарына ойран салмай, жағдайды қашық бақылаумен және талдаумен шектелуге болады.Біз осы мәселелерді ерекше бақылауға алуға тиіспіз. Агенттіктің құрылымында адалдық департаменті құрылуы мүмкін, оның жұмысы мемлекеттік қызмет саласындағы бақылауды жүзеге асырудың жаңа тәсілдеріне негізделетін болады.Әңгіме мемлекеттік қызметшілерді жеке өмірінен айыру немесе түрлі отбасылық салтанаттарға қатысуға тыйым салу туралы емес. Біздің әрқайсымыз қарапайымдылық танытып, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануымыз керек. Олар отырыстар кезінде де адамның мінез-құлық шегі айқындалады. Екі қарапайым нәрсе туралы ұмытпаған абзал.

Біріншіден, мемлекеттік қызмет атқаратын адамға кез келген жағдайда жоғары көңіл бөлінеді. Екіншіден, мемлекеттік қызметші өзінің әдепке сай емес мінез-құлқымен меритократия қағидатын, яғни лайықтылардың билік ету беделін түсіреді. Лайықты адам оған көңіл көтеру әзіл-қалжыңға, ал мерекелік дастарқан ар-намысы бойынша еске алу асына айналғанда шектен шығуға мүмкіндік бермейтін әрқашан жоғары әдеп қасиеттерімен және мінсіз мінез-құлқымен ерекшеленеді.

Бүгінгі күннің басты міндеті – адалдық, әділдік, әдептілік және сатылмаушылық сияқты құндылықтарды біріктіретін парасаттылық идеологиясын кең ауқымды насихаттау.

Біз адамдарға қылмыстық салдарлар туралы ескерте отырып, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына жол бермеулеріне ғана назар аудартамыз. Бұл маңызды әрі қажет, бірақ сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен елдердің көпшілігінің мысалынан, тек қана қорқытуға негізделген саясаттың қалаған нәтижелерді бермейтіндігін айқын көрінеді. Мемлекетке, қоғамға және бизнеске сыбайлас жемқорлықты түбірінен жоюға бағытталған ойын ережелерінің бар екендігіне анық және міндетті жаңа әлеуметтік келісімшарт қажет. Осы бағытта жұмыс жасайтын боламыз.

### *Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа бренд туралы*

Қазіргі заманғы кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мәселелерін өзекті ететіндігі сөзсіз. Дәл осы сала сыбайлас жемқорлыққа аса бейім болғандықтан, қазіргі заманғы технологияларды пайдалану бірінші кезекке шығады. Қазақстанда мемлекеттік қызметтердің басым көпшілігінің электрондық үкімет порталы және ХҚКО арқылы ұсынылуын біз еліміздің зор жетістігі ретінде бағалаймыз.

Бұл саланы дамытудың өзекті бағыты смартфон арқылы неғұрлым сұранысқа ие мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу мүмкіндігі және азаматтарды тиісті түрде оқыту болып табылады. Агенттік, мысалға, 10 минут ішінде азаматтың проблемасын шешуге мүмкіндік беретін «Цифрлық агент» мобильдік қосымшасын іске қосты. Оның көмегімен 2 мыңға жуық шағым шешілді. Біз халық арасында қосымшаны белсенді түрде таратамыз және сол арқылы қызметкерлері азаматтармен жиі байланысатын барлық мемлекеттік органдарды (полиция бөлімшелері, қылмыстық-атқару жүйесі, әкімдіктер, ауруханалар және т.б.) қамтуға ниеттіміз.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын одан әрі іске асыру шенеуніктердің азаматтармен байланысын барынша азайтатын және тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жоюға ықпал ететін электрондық үкімет қызметтеріне және басқа да цифрлық сервистерге қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл мәселелерді біз тез арада шешуіміз керек, өйткені жуық арада цифрланбаған нәрсенің бәрі өз құндылықтарынан өте тез айрыла бастайды,біз үмітсіз артта қалуымыз мүмкін. Бұл тұрғыда цифрландыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа брендке айналады.

Мен айтып өткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі мәжілісте мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыруды жылдамдату қажеттілігіне назар аударылды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асырудың стратегиялық маңыздылығына қарамастан, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін ықпалдастыру тым баяу жүруде. Бүгінгі таңда деректер базасының үштен бірі ғана біріктірілген. Осыған байланысты e-gov сервисінің мүмкіндіктері айтарлықтай шектеледі.

Шын мәнінде, цифрлық мемлекеттік аппараттың қалыптасуын айтарлықтай тежейтін тағы бір проблема бар. Мемлекеттік органдардың құжаттамалық қамтамасыз ету және бюджетті жоспарлау жөніндегі қызметін электрондық форматқа көшіру негізсіз түрде баяу жүзеге асырылуда. Мемлекеттік қызметшілердің әлі күнге дейін өзінің жұмыс уақытының көп бөлігін жоғалта отырып, үлкен бума қағазбен жұмыс істеуі нонсенс болып табылады. Мұндай жағдайда шешім қабылдаудың ұтқырлығы, жеделдігі және тиімділігі туралы айтуға болады?

### *Халыққа жақын болу*

Мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен клиентке бағдарлануы сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді саясаттың базалық элементтері болып табылады. Мұнда да белгілі бір нәтижелер бар. 230-дан астам мемлекеттік орган open space кеңселерінде жұмыс істеуге көшті, бұл қызметтік алаңдарды оңтайландыруға және айтарлықтай үнемдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ыңғайлы фронт-кеңселері бар сервистік әкімдіктер ашылуда. Мысалға, Шымкент қаласы әкімінің орынбасары демалыс бөлмесі бар кабинетінен бас тартып, қарамағындағылармен бірге ортақ кеңістікте жұмыс істейді. Осыған ұқсас мысалдар аудандық әкімдіктер мен ауылдық округтер деңгейінде де бар. Бұл тәжірибе құқық қорғау және сот органдарында белсенді түрде енгізіліп жатқандығын ерекше атап өткен жөн. Біздің ойымызша, мемлекет пен қоғам арасындағы қашықтықты қысқарту дәл осындай заттардан басталады. Ең бастысы – өзгерістерге ықылас танытып, ерік беру.

Қоғамдық бақылаудың рөлі артып келеді

Біз өз тәжірибемізді қоса алғанда, бүкіл әлемдік тәжірибе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктері оған қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың өздері белсенді қатысқан жағдайда ғана, тиімді жұмыс істейтінін куәландырады. Осыған байланысты, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында қоғамдық бақылау институтын қалыптастыру және дамыту міндеті басым бағыттардың бірі ретінде аталған.

Өткен жылы біз «Қоғамдық бақылау картасы» атты жобаны іске қостық, ол төменгі деңгейде, яғни аудандық және ауылдық округтер деңгейінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін құрудың бірінші қадамы ретінде қарастырылады. Ағымдағы жылы бұл бастама елордада дами бастады, онда «Ашық бюджеттердің интерактивті картасы» жұмыс істей бастады. Азаматтардың өздері қандай басым әлеуметтік мақсаттарға қаражат бағыттауды анықтауға мүмкіндік беретін «Қатысу бюджеті» жобасын іске асырудан да күтілетін нәтиже көп. Мұндай жұмыс Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында басталды. Бұл бастаманы тарату салық төлеушілердің қаражатын пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз етуге шешуші қадам болуы ықтимал.

Жұмыстың тағы бір маңызды бағыты «Адалдық алаңы» жобасы болып табылады, ол Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша елордада жүзеге асырылды. Бүгінде оған барлық өңірлер тартылып, ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды қозғалысқа айналуда. Еліміз бойынша ашылып жатқан адалдық киоскілері, дүкендері, кассалары және турникеттері жаңа бастама болды. Бұл бастама сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жаңа тетіктерін іске қосуға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Агенттік жанынан құрылып, орталық пен өңірлерде жұмыс істейтін арнайы мониторингтік топтар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процестеріне қоғамдық ұйымдар мен азаматтарды тартудың бірегей үлгісі болды.

### *Күш-жігерді біріктіру – уақыт талабы*

Нұрсұлтан Назарбаев бастаған институционалдық реформалар шеңберінде жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа моделіне көшу – шешілуі мемлекеттік органдарды, квазимемлекеттік, жеке секторларды және үкіметтік емес ұйымдарды қоса алғанда осы саладағы күш-жігерді неғұрлым тиімді біріктіру кеңістігіндегі құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы бірқатар өзекті мәселелерге алып келетіндігі сөзсіз. Олардың ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық субъектілерінің тығыз өзара іс-қимылын көздейтін толыққанды институционалдық кеңістік құру міндеті бірінші орынға шықты. Өзара ниеттер туралы декларациядан сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған нақты бірлескен жобаларды іске асыруға көшу уақыты келді. Ынтымақтастықтың жаңа тетіктерін және барынша тиімді әлеуметтік тәжірибелерді енгізу қажет.

Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып барлық қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің жұмысында болуы керек деп есептейміз. Бүгінгі күні «NurOtan» партиясы, «Атамекен» ҰКП, Азаматтық альянс, «ЖАҢАРУ» қозғалысы және басқа да қоғамдық ұйымдар осы тұрғыдан үлгі көрсетуде. Дегенмен, бұл жеткіліксіз. Мысалға, парақорлықты қабылдамау ахуалын қалыптастыру процесіне діни бірлестіктер нашар тартылған, бірақ, қоғамдық санаға сыбайлас жемқорлық сияқты лас және ұят құбылыспен үйлеспейтін сенімнің шынайы құндылықтарын ашатын уағыздар қандай күшті әсер ететіндігі белгілі.

Алдымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы істердің жай-күйі туралы қоғамды ақпараттандырудың бүтіндей әрі ұзақ мерзімді бағдарламасын құру бойынша үлкен жұмыс тұр. Біз бұған тек Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ғана емес, сондай-ақ, Қазақстанның болашақта қандай болатындығына немқұрайлы қарамайтын барлық журналистер мен блогерлердің көмегіне сенім артамыз.

### *Бірінші басшылардың жауапкершілігі туралы*

Ағымдағы жылғы 20 мамырдағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналған мәжілісте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықты жою әкімдер жұмысының негізгі көрсеткіштерінің бірі болатындығын мәлімдеді. Бұл үшін оларға жеке жауапкершілік жүктелетін болады. Осыған байланысты аумақтарды дамыту бағдарламасына сыбайлас жемқорлық серпінін көрсететін индикаторды қосу ұсынылды.

Мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қол астындағылардың сыбайлас жемқорлық үшін жеке жауапкершілігіне келетін болсақ, қазіргі уақытта Парламентте мұндай норманы енгізуді көздейтін заң жобасы қаралуда. Бұл мәселе бойынша Мемлекет басшысы да бірегей ұстанымда. «Егер біз сыбайлас жемқорлықты түбірімен жойғымыз келсе, менің пкірімше, мемлекеттік органдардың басшылары өздерінің қарамағындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары жағдайында отставкаға кетуі керек», - деді. Аталған заң жобасында бірінші басшылардың сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қабылдау міндеттілігі белгіленеді. ЭЫДҰ ұсынымдарын іске асыруға бағытталған басқа да түзетулер енгізіледі.

### *Агенттік тағы не ұсынады*

Жоғарыда айтылған мәжілісте біз осы саладағы түбегейлі өзгерістерге қол жеткізуге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа шаралар жиынтығын ұсындық. Оларды Президенттің тапсырмасы бойынша құрылған ведомствоаралық жұмыс тобы қарайтын болады.

Ең алдымен, біз заңсыз баю үшін белгіленетін жауапкершілікті енгізуді ұсындық. Әзірге әңгіме активтері заңды кірістерге сәйкес келмейтін мемлекеттік қызметшілерге қатысты қаржылық және мансаптық санкциялар жайында болып отыр. Бұл шығыстарды кешенді түрде мәлімдей отырып, сыбайлас жемқорлықтың негізі – заңсыз табыс алуға ұмтылуды жоюға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметшілердің шығыстарды декларациялаудың орындылығы және тиісті декларацияларды міндетті түрде жариялау туралы пікір айтылды.

Мемлекеттік қызметшілердің кірістері мен шығыстарын міндетті түрде декларациялау осы деректерде айырмашылық болған жағдайда, не істеу қажет деген сұраққа міндетті түрде жауап беруді талап етеді. Сондықтан өмір сүру деңгейі заңды табыс көздеріне сәйкес келмейтін лауазымды тұлғаларға тиісті санкциялардың қолданылатындығы туралы нормалар заңнамада нақты жазылуы тиіс.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекет – ең тиімді меншік иесі де және басқарушы да емес. Оның экономикадағы үлесін бәсеңдету сыбайлас жемқорлықты азайтудың алғышарттарының бірі болып табылады.

Мемлекет басшысы ағымдағы жылы 24 мамырда Ұлттық инвесторлар кеңесінің отырысында экономикадағы мемлекеттің үлесін ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне жеткізу міндеті туралы еске салып, экономикада жаңа мемлекеттік компаниялар құруға мораторий жариялады.

Мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының санын түбегейлі қысқартудың маңызы зор. Қазіргі таңда олардың саны, шамамен, 7 мыңдай. Осының есебінен босатылған қаражатты мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын арттыруға бағыттауға болады.

Осы мән мәтінде бәсекелестік жағдайында жұмыс істей отырып, жекелеген мемлекеттік функцияларды орындайтын өзін-өзі ақтайтын ұйымдардың жария құқықтық заңды тұлғалар институтын енгізу туралы мәселені қараған жөн. Бұдан біраз нәрсені ұтуға болады: адамдар қызмет көрсетуді қайдан алатындығын таңдай алады, бизнеске жаңа салалар ашылады, ал мемлекет іскерлік белсенділікті арттыру және сыбайлас жемқорлықты азайту түрінде дивидендтер алады. Бұл халықаралық тәжірибе және біз бұл мәселеде «Атамекен» ҰКП-ның толық қолдауына ие болдық.

Көлеңкелі экономика көлемін кешенді түрде қысқарту сыбайлас жемқорлықпен табысты күрестің ажырамас шарты болып табылады, оның мөлшері жалпы ішкі өнімнің 30% - ға жуығын құрайды. Оның жұмыс істеу тетігі үшін «майлау материалының» қолма-қол ақша екендігі жақсы белгілі. Осыған байланысты, қолма-қол ақша айналымына заңнамалық шектеу енгізу ұсынылады.

Мемлекеттік сатып алу саласын жетілдіру мәселелері өзекті күйінде қалып отыр. Бүгінде оларды 25 мың ұйым жүргізуде, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылауды айтарлықтай қиындатуда. Алдын алу әсері орталықтандырудан күтіледі. Ірі сатып алуды енді Қаржы министрлігінің тиісті комитеті мен жергілікті әкімдіктердің уәкілетті бөлімшелері жүргізеді. Алайда, ұсақ тендерлер өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталуда. Осы жағдайдан шығу жолы бюджеттік ұйымдар мен әлеуметтік сала мекемелерінің басшыларын оларға тән емес функциялардан толық босату табылады. Дәрігерлер емдеуге, мұғалімдер оқытуғы тиіс.

Әлеуметтік саланың көптеген мәселелері жемқорлардың тәркіленген қаражаты есебінен шешілуі мүмкін. Тек соңғы 3 жылда сыбайлас жемқорлықтан келген шығын 40 млрд. теңгені құрады. Егер тәркіленген қаражатты ауыр науқас балаларды емдеу, көп балалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдау үшін пайдаланса, азаматтар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тікелей әсерін сезіне алады.

Біз айтқан басқа шаралардың ішінде Integrity check адалдыққа тексерудің енгізілуін атауға болады. Мұндай норманы бірінші кезеңде құқық қорғау және бақылау-қадағалау органдарына тарата отырып, заңнамалаықтүрде бекіту ұсынылды. Квазимемлекеттік және жеке секторларда корпоративтік адалдық стандарттарын сақтауға жауапты комплаенс-қызметтер институтын енгізген орынды.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қатысты әлсіздік көрсетпейтіндігін көрсетеді. Ел басшылығының саяси ерік-жігері айқын, ең үздік әлемдік тәжірибелер жинақталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия жүйелі түрде іске асырылуда, азаматтар мемлекеттік органдардың есептілігі мен ашықтығын күшейтуге бағытталған жобаларға жиі қатыса бастады. Біз «шулы» қылмыстық істердің санын көбейту мақсат емес, бірақ жазалаудың бұлтартпастық қағидаты мүлтіксіз сақталатын болады. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және адалдық стандарттарын енгізу бойынша жүйелі және нәтижелі жұмыс жасау әлдеқайда маңызды әрі қиын міндет. Агенттіктің негізгі күш-жігері осы мақсатқа бағытталатын болады.

**Алик ШПЕКБАЕВ,**
**ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы**

МАМАН КЕҢЕСІ

# КҮЙЗЕЛІС – ҚОҒАМДЫҚ ДЕРТ

Күйзеліс (ағыл. stress) – өте жағымсыз әсерлерге жауап ретінде туған организмнің қалыпсыз бейімделу әрекеттерінің жинағы. Осы ұғымды енгізген канадалық физиолог – Ганс Селье. Адамның жеке ерекшеліктеріне, мінезіне, жоғарғы жүйке әрекетінің типтеріне орай стрестің бірнеше түрлері байқалады. Күйзелістің көпке созылған ауыр түрі адамды жүдетіп, қайғыға батырады.

Күйзелістің физиологиялық белгілері: ұйықтай алмау, бас ауру, жүрек дүрсілдеу, арқаның, асқазанның, жүректің ауруы, асқазанның қорытпауы, спазмалар. Ал, психологиялық белгілері ұмытшақтық, есте сақтау қиындықтары, қобалжу, шектен тыс уайымшылдық, себепсіз қорқыныштар, ашуланшақтық болып табылады. Күйзеліс салдарынан адам өзіне деген сенімділігін жоғалтып, түрлі ауруларды, психикалық шаршауларды туындатады және дәріге бағыныштыетеді.

Психологиялық күйзеліс тосыннан жағымсыз хабар естігенде адам дұрыс жауап таба алмай, қатты қиналып, не істерін білмей, абыржуы және эмоциялық яғни, қауіп туғанда немесе оқыс қорыққанда, не біреуден қатты көңілі қалғанда байқалады. Мұндайда жоғарғы жүйке әрекетінде тежеулі серпінісі қанат жаяды. Оның туындау себептері: күнәні сезіну, құндылықтарды жоғалту, оқуды жек көру болып бөлінеді.

Күйзеліске түскен адам кез келген тапсырманы орындай алмайтынын айтады. Өйткені ол жауапкершіліктен гөрі өз мәселелеріне көбірек мән береді. Жұмысты да, басқасын да кейінге ысырады. Қарапайым адамдардан гөрі, ұлы адамдар күйзелістік күйге жиі ұшырайды. Енді бір қызығы психологиялық күйзелісті қолдан жасап, шабыт шақыратын дарындылар да бар екен.

Осы ретте «күйзелісті болдырмау үшін не істеу қажет?» деген сұрақтың пайда болуы заңдылық. Күйзелістің алдын алу үшін әр адам өзінің дене және психикалық саулығына ерекше мән бергені жөн. Бұл дерттен айығу үшін адам ең алдымен ішкі жан дүниесінің мәнін ашып, өзінің сүйікті ісімен айналысуы қажет. Күйзеліс кезінде ағзадағы В тобындағы дәрумендер қоры тез таусылады. Сол себепті күнде дәрумен ішкен абзал. Тамақта көп жаңа піскен жемістер мен көкөністерді, дәндер, теңіз өнімдерін қолданған дұрыс. Дене жаттығулары өте пайдалы. Спорт залында ағзаны шынықтырып не болмаса ән айтып, би билеген де пайдалы.Таза ауада серуендеп, суға шомылыңыз не болмаса бассейнге барыңыз. Ағзаны босаңсыту қажет. Ол үшін таза әрі тыныш бөлмеде денеңізді толық босаңсытып жағымды әуен тыңдаңыз, әуен жетегімен армандауды да ұмытпаңыз. Ұдайы отбасыңызбен не достарыңызбен бірге демалыс күндерін ұйымдастырыңыз. Демалыс күндерінде ұйқыңызды қандырыңыз. Орташа статистикалық адамға қалыпты тіршілік әрекетін және сергектік рухты сақтау үшін күнделікті 7-9 сағат ұйқы қажет. «Сау дененің рухы да сау!» демекші, дұрыс үйлестірілген тағам, спортпен айналысу және зиянды әдеттерден бас тарту сіз үшін өмірлік қағидатқа айналуы тиіс.

Күйзелісті жеңудің тәсілдеріне тоқталар болсам, эмоцияларды сыртқа шығара білу қажеті. Оқиғаны сараптап, жағымсыз жағдайдың өзінен өзіңіз үшін пайдалыны таба біліңіз. Ол күйзелісті жеңудің мақсатты әрекеттерінің бірі болып табылады. Теріс жағдайдан жақсы әрі пайдалы тұсын табу адам үшін өте маңызды. Диалектика заңы бойынша өмір қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінен тұрады емес пе?!

Ал, диета ұстау, ағзаны ашықтыру не болмаса мөлшерден тыс артық тамақ жеу керісінше күйзеліске апарады. Ал, күйзеліс өз кезегінде адам денсаулығына кері әсерін тигізіп, нерв жүйелерін зақымдайды. Сондықтан, оқырмандар жоғарыдағы кеңестерге құлақ асса, күйзеліске түспей ұзақ өмір сүретін болады.

**Перизат ӨТЕЕВА,**
**Жезқазған полиция басқармасы кадр саясат бөлімінің инспектор психологы**

ҚҰҚЫҚ

# КЕМСІТУШІЛІККЕ ЖОЛ ЖОҚ

Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау заң шығарушы, атқарушы және сот билігі шеңберінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексінің отбасындағы ерлі-зайыптылардың теңдігін, ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігін көздейді.

Әрбір адам өзінің құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғауға және білікті заңдық көмек алуға құқылы. Заңда көрсетілген жағдайларға сәйкес, заңдық көмек тегін көрсетіледі. Барлығы заң мен сот алдында тең.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексіне сәйкес әрбір адам бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын, бостандығын немесе заң бойынша қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Ерлер мен әйелдер сотқа жүгінуде бірдей құқықтар мен міндеттерге ие, соның ішінде, бірдей мөлшердегі мемлекеттік баж төлейді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдерді құқықтық қорғау жолға қойылған. Елде зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталықтары жұмыс істейді. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері, судьялар, медициналық және әлеуметтік қызметкерлер қолданыстағы заңнама туралы хабардар әрі әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөнінде атаулы іс-шаралар жүргізеді.

Әйелдерге олардың зорлық-зомбылықсыз өмір сүру құқығын қорғауда дағдарыстық орталық нақты көмек көрсетеді, дағдарыстық орталық қызметінің негізгі бағыты тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету, зорлық-зомбылықтың барлық мәселелері бойынша консультация беру болып табылады.

**Медет АЙМЕНОВ,**
**Қарағанды облысының № 2 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы**

# «ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ»

## атты алғашқы халықаралық музейлер фестивалі өтті

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назабаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрімізді өзіндік әр алуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек. ...Қазақстан – тамыры терең жайылған тарихы бар ел екенін көрсете және дәлелдей отырып, дүниежүзілік аренада біз елімізді паш етеміз» деген еді. Бай тарих пен бағдарлы болашақ тоғысқанда ғана елдің елдігі, ерендігі, егемендігі мәңгі сақталады. Ал, бүгінде өткен мен келешекті беттестіретін бірден-бір мекен – музей ғана. Көне дүниелерімен тарихты тірілтіп, рухты жаңғыртып жүрген музейлердің бірі – Жезқазған тарихи-археологиялық музейі. Бұл музей қойнауына тек көнекөз жәдігерлерді жиып алып, ескілікті дәріптеумен ғана шектелмей, көптеген маңызы бар келелі істердің дүниеге келуіне себепші болып жүр. Соның бір дәлелі – 11-13 маусым күндері Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастамасымен ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларын жүзеге асыру аясында өткізілген «Ұлы Дала мұрасы» атты халықаралық музейлер фестивалі.



Шараның негізгі мақсаты – тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау, қазақ халқының тарихын тереңінен танып зерттеу, зерделеу, Ұлы Даланың бай мәдениеті мен бірегей өркениетін қайта жаңғырту және шетелдік музейлермен байланысты нығайту.

Жезқазған тарихи-археологиялық музейі базасында ұйымдастырылған үш күнге жалғасқан фестивальге елімізден Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі, Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі, Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі, М.Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейі, С.Сейфуллин атындағы Жаңаарқа аудандық тарихи-өлкетану музейі, Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейі, Бұқар жырау аудандық тарихи-өлкетану музейі, Осакаров ауданының тарихи-өлкетану музейі, Қ.И.Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музейі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-тарихи музейі, Батыс Қазақстан облыстық Хан ордасы тарихи-мәдени, этнографиялық-архитектуралық музей-қорығы, Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихи облыстық музейі, Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі, Г.Н.Потанин атындағы Павлодар облыстық музейі, Отырар Мемлекеттік археологиялық қорық-музейі, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі қатысты. Сондай-ақ, шараның құрметті қонақтары Түркия Республикасынан арнайы келген – Анкара университетінің педагогикалық ғылымдар факультеті, Бейнелеу өнері және пәнаралық музей білімі кафедрасы бастығы, профессор Айша Чакир Илхан, Ресей Федерациясы, Астрахань музей-қорығы филиалының меңгерушісі – Елизабета Казакова, Моңғолия Республикасынан Баян-Өлгей аймағының әкімшілік іс басқару орнының әлеуметтік саясат бөлімінің бастығы – Бекжан Қазбекұлы, Өзбекстан Республикасынан «Узархив» агенттігінің бас маманы – Нилюфар Анаркулова мен Бұхара облысы, Пешкун ауданы Мемлекеттік архивінің директоры – Эльмурод Имомов және Қытай Халық Республикасының бірінші тарихи архивінің қызметкері, ақпараттық-анықтамалық бөлімінің басшысы – Чжан Сяожуй мен Қытай жаңалықтар мұрағаты агенттігі, редакция бөлімі директорының орынбасары Ян Тайан жезді өлкеге арнайы келіп, әріптестік байланысты арттыра түсті.

Фестиваль барысында музей қорына тарихи бағалы дүниелерді тапсыруда «Тарихта өз атыңды қалдыр» акциясы негізінде белсенділік танытқан А.Байқасынов, М. Сауырбаева, М.Қалменов, Ғ.Мизамбаева, С.Әбдікаримова, Т.Сәдуақасов, З.Алшынбаева, Т.Ширина музей алғыс хатымен марапатталды.




Шараның ашылу салтанатында сөз алған Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары З.Ақылбекова фестивальдің келесі жылы да жалғасын табатындығын және бұндай халықаралық деңгейдегі ауқымды шараның Жезқазған – Ұлытау аймағында өтуі үлкен мақтаныш екендігін атап өтті. Сондай-ақ, шара барысында «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының Ұлттық архив және сирек кітаптар мен қолжазбалар орталығы жанындағы «Архив-2025» ғылыми-әдістемелік орталығының басшысы Б.Әбдіғалиұлы, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Е.Ағымбаев, Қарағанды облысы мәслихатының депутаты, білім меценаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанындағы Қарағанды облысы қоғамдық кеңесінің төрағасы Б.Алтынбеков сөз алып, жүрекжарды тілектерін білдірді.

Одан әрі фестиваль аясы «Хас шеберлер шеруі» қолөнер шеберлерінің қатысуымен шеберлік сабақ, шетелдік қонақтармен кездесу мақсатындағы арнайы баспасөз-конференциясы және Түркия Республикасының Анкара университетімен және Астрахань музей-қорығымен меморандумға қол қою рәсімімен жалғасты.

Айта кететін тағы бір маңызды шаралардың бірі – «Көне дәуір куәгерлері» атты құнды әрі сирек кездесетін жәдігерлер таныстырылымы өтті. Оған отандық және шетелдік музей, архив мамандары қатысып, түрлі құнды құжаттар мен суреттерді табыстады. Мысалы, Қытай елінен келген қонақтар XVIII ғасырдағы Қазақстан мен Қытай арасындағы жібек саудасына қатысты құжаттар көшірмесін, Моңғолия елінен келген қонақтар қазақ диаспорасының Моңғолия аймағына алғашқы кезеңдерде қалай қоныстанғаны жайлы құжаттардың көшірмесін, Өзбекстан елінен келген қонақтар XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақтарға қатысты құжаттар мен суреттердің көшірмесін табыстады.

Фестивальдің екінші күні С.Сейфуллин кітапханасының үлкен залында өтетін іс-шара «Музей қызметінің жаһандық жаңаруы – заман талабы» атты музей мамандарына арналған семинар-тренингке жалғасып, мамандар арнайы сертификатқа ие болды.

Үш күндік фестивальдің соңғы күні «Ұлы Дала – түркі әлемінің алтын бесігі» атты қатысушыларды Ұлытау-Жезқазған аймағының киелі жерлеріне саяхат жасаумен қорытындыланды.

СЕМИНАР

# ДІН САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ БАС ҚОСТЫ

**Діни қате түсінік, теріс пиғылды ағымдар, діни сауатсыздық, лаңкестік – міне, осылардың барлығы еліміз үшін күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселеге айналды. «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында мемлекеттік және діни қызметкерлердің қатысуымен өткен семинар аталған сұрақтар төңірегінде жауап іздеуге арналды.**




Семинарды ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының» директоры, филология ғылымдарының кандидаты, араб әдебиеті (құрантану) бойынша ғылым магистрі Айнұр Әбдірәсілқызы мен практикалық психология орталығының психолог маманы Ләззат Мұқанова өткізді. Семинардың бас модераторы – Айдос Әбдрашов болды. Ләззат Мұқанова «Деструктивті діни қозғалыстарға қарсы тұру және алдын-алу» тақырыбында баяндама жасады. Ал, Айнұр Әбдірәсілқызы семинарға 8 тақырып ұсынып, мамандардың өз таңдаулары бойынша 4 тақырыпқа дәріс оқыды. Семинар барысында зайырлылық, толеранттылық, діни экстремизм, Жезқазғандағы теріс ағымдар, Сириядан отандастарымызды елге қайтару, «Шиа» ағымы бойынша түрлі сұрақтар қойылды.

Семинарға Осакаров, Жаңаарқа аудандары, Балқаш, Сәтбаев қалаларынан мемлекеттік қызметкерлер мен дін өкілдері келді. Осакаров ауданының бас имамы Жоламан Яқияев мұсылман қыздарына арналған арнайы мектеп-интернатын салу жөніндегі өтініш-тілегін жеткізді.

– Бұл семинардан көптеген сұрақтарға жауап тауып, көкейдегі көп мәселенің шешімін айқындадық, – дейді Сәтбаев қаласы дін орталығының директоры Амангелді Құрақбай.

Семинардың екінші бөлімінде қатысушылар «Әйелдерді деструктивті ағымдар және террорлық қатынастардан қорғау» тақырыбындағы дәрісті тыңдады. Семинар соңында қатысушылар тестілеуден өтіп, арнайы сертификаттарға ие болды.

ЖАС ТҮЛЕК – 2019

# ҮЛКЕН ӨМІРГЕ АТТАНДЫ

«Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін», – деген екен С.Қожамқұлов. Ия, ұстаз, мектеп, тақта, парта деген ұғымдарды естігенде кімкімнің де елең етіп, жүрегін балалық шаққа деген ыстық сағыныш, қимас іңкәрлік тербейтіні сөзсіз. Осынау аяулы да, қастерлі сезімді биыл 450 жезқазғандық шәкірт сезінді. Қаламыз бойынша 25 «Алтын белгі», 22 «Үздік аттестат» иегері бар. Осындай білімді де талапты жастардың қанатын қомдап, сапалы білім, саналы тәрбие беруден танбаған қаламыздың озық білім ордаларының бірі – № 8 гимназия. Биылғы оқу жылында қала бойынша ең көп «Алтын белгі» иегерлері түлеген білім ордасына Жезқазған қаласы білім бөлімінің бастығы Жеңіс Әлмағанбетов арнайы барып, жас түлектердің қадамдарына сәттілік тіледі.

Биыл № 8 гимназияны Алмаш Молдабекова мен Майра Мұханова жетекшілік еткен 42 түлек бітірді. Олардың ішінде алтауы – «Алтын белгі» иегерлері. Әділәмір Бизақ, Сымбат Бердібай, Алтынай Совет, Ардақ Бірімжанова, Әсел Наурызбай, Камилла Өмірбекова он бір жыл бойы алған білімдерін ақтап, ата-ана мен ұстаз мерейін асырды. Ал, Аймырза Серіков пен Әдемі Жақан «Үздік аттестат» иегері атанды. Жалпы, осы күні қала мектептерінің барлығында түлектердің алтын ұя мектептерімен қоштасу салтанаты ұйымдастырылып, өз деңгейінде өтті.



Алда барша түлектерді үлкен сын Ұлттық бірыңғай тестілеу күтіп тұр. Үміт пен күдік астарласқан осынау білім сынағында бабы мен бағы жарасқан, білгір оқушы биіктік тұғырынан көрінеріне сенеміз және сіздерге сәттілік тіледік, жас түлек!

ЖӘРМЕҢКЕ

# САПАЛЫ – ӨНІМ, ТИІМДІ – БАҒА

**«Бір күн дәм тартқанға, қырық күн сәлем» деген қағиданы ұстанатын халқымыз жақыны түгіл жаттан да барын аямаған, қолынан келгенше жақсылығын жимаған халық. Қазіргідей нарық заманында бұл сөздің қадір-қасиеті төмендеді десек те, халық игілігіне жарар көп шаруаның ұйымдастырылып жатқандығы көз қуантады. Соның бір мысалы ретінде, жексенбідегі «Нарық» базарында өткен ауыл шаруашылық жәрмеңкесін айта аламыз.**



Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Аманғали Мұханбединнің қатысуымен өткен жәрмеңкеге Жаңаарқа мен Ұлытау аудандарына қарасты ауылдар мен қала маңындағы Талап, Кеңгір, Малшыбай селоларының шаруа қожалықтары белсенді қатысты. Сонымен қатар, «Uly dala» гипермаркеті мен «Ұлытау Нан», «Сүт жағасы», «Племптицеторг» ЖШС, «Bayan» компаниясы, «Ұлытау Флора» АТК өз өнімдері ұсынды.



Жәрмеңкеде тұрғындар өзіне керек тауарды күнделікті нарық бағасынан әлдеқайда төмен бағада сатып алуға мүмкіндік алды. Мысалы, күнделікті тұрмыста көп тұтынатын 10 дана жұмыртқа – 175 теңгеден, 2 кг макарон – 240 теңгеден, 1 л қымыз – 600 теңгеден, 1 кг каймақ – 1600 теңгеден, 1 кг сары май – 2300 теңгеден, 1 л айран – 220 теңгеден, 1 кг құс еті – 450 теңгеден саудаланды.

– Негізінен біздің гипермаркетте күнделікті халық тұтынатын тауарлардың барлығы дерлік арзан бағада сатылады. Ал, бүгінгі жәрмеңкеде өнімдерді жезқазғандық тұрғындарға тіптен арзан бағада ұсынып отырмыз. Жәрмеңкеге ұсынылған тауарлардың барлығы жарамды, балғын өнімдер. Халық игілігі үшін бұндай жәрмеңкелердің ұйымдастырылғаны өте тиімді деп ойлаймын. Егер де алдағы уақытта да әкімшілік тарапынан осындай арзан бағадағы жәрмеңкелер ұйымдастырылатын болса, жақсы болар еді. Біздің ұжым тұрғындарға пайдасын тигізер жақсы істерге атсалысуға дайын, – дейді «Uly dala» гипермаркетінің ұйымдастырушысы Ринат Кисметов.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылық жәрмеңкесінде тұрғындар назарына концерттік бағдарлама ұсынылып, тоғызқұмалақ, шахмат, гір көтеру сынды ұлттық ойындардан жарыс ұйымдастырылды.

Жәрмеңке қорытындысы бойынша жалпы ет өнімдерінен – 9,2 т, сүт өнімдерінен – 2,3 т, көкөніс пен жемістен – 13, 8 т, азық-түліктен – 1,5 т, сондай-ақ, 6 мың дана жұмыртқа сатылды.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

# БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ



Бес күндік ғұмырда тағдыр қыспағына ұшырап, көңілі жүдеу, жүрегі алаң, көздері мұңды қамкөңіл жандарға арналған бос орындар жәрмеңкесі өтті. Бос орындар жәрмеңкесінің негізгі ұйымдастырушылары – «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы мен қалалық жұмыспен қамту орталығы. Жәрмеңкеге екі қолға бір күрек іздеген мүмкіндігі шектеулі жандар қатысып, бос жұмыс орындарымен танысты.

Бос орындар жәрмеңкесіне №7 «Айгөлек», №5 «Тамаша» бөбекжайлары, №13, 11, 24 жалпы білім беретін орта мектептер, № 3 білім-инновация мектебі, Жезқазған технология және сервис колледжі, №7 мектеп-лицейі, балалар өнер мектебі, Жезқазған қаласы бойынша сот сараптамалық институты, «Аура Сервис» ЖШС, «Жедел күзет» ЖШС сынды мекемелердің қызметкерлері қатысып, бос жұмыс орындарымен, жалақы мөлшерімен таныстырды.

– Біз бүгінгі шараны «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалымен бірлесе ұйымдастырып отырмыз. Бүгін мүмкіндігі шектеулі жұмыс іздеуші жастарға жалпы 127 бос жұмыс орны ұсынылды. Жәрмеңке негізінде 12 мүмкіндігі шектеулі жұмыс іздеуші келіп, бос орындардан өзіне ыңғайлысын таңдады. Біз енді алдағы уақытта олармен жұмыс жасап, оқыту-үйрету жұмыстарын жүргізетін боламыз, – дейді Жезқазған қаласы жұмыспен қамту орталығының маманы А.Мәуленова.

Сондай-ақ, 27 маусымда Жезқазған қаласы жұмыспен қамту орталығында тоқсандық бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыратын болады. Ендеше, жұмыстан құр қалма, жұмыс іздеген жан!

*Материалдарды әзірлеген*
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

